e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

15 маусым 2018 ж. жұма №68 (18716)

РУХАНИ ҚАЗЫНА

«MEN QAZAQPYN» – Қостанайда!

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

«Men qazaqpyn» халықаралық телевизиялық мегажобасының облыстық іріктеу кезеңі мәресіне жетті. Дәстүрлі ән, терме, күй аталымдары бойынша аудан-қалалардан сынға түскен өнерпаздар бұған дейін өз өңірлерінің іріктеуінен өтіп келгендер. Айта кетейік, екінші рет ұйымдастырылған шоқтығы биік, деңгейі жоғары байқауда бағын сынағандар қатары биыл өткен жылға қарағанда әлдеқайда көп. Аймақтың 200-ден астам елдімекенінен 1300 үміткердің арасынан үздіктерді анықтау үшін қазылар алқасынан құралған топ жержерді аралап қайтты.

«Мен – қазақпын» деген қазақ халқының басқа ұлттардан артықшылығын, астамшылдығын, үстемдігін көрсетпейді. Қайратын жанитын, жігерін қайрайтын ұран сөз. Қазақтың намысын биік ояту әр дәуірдің жыршыларының бізге жеткен ұранды, жалынды сөздерінен белгілі.

12-бет.

Суретті түсірген Б.КӨРКЕМБАЕВ.

Баспасөз – 2018

«Қостанай таңы» — сенің газетің!

Оған 2018 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатыр



Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

«Қостанай таңы» газетіне жазылу бағасы:

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:

6 айға – 3200 теңге.

– жеке оқырмандарға:

6 айға – 2400 теңге.

– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

6 айға – 2250 теңге.

Қостанай, Арқалық, Рудный, Лисаков қалалары бойынша газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54613.

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54614.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54615.

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін –54683.

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54684.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54685.

«Қостанай таңы» газетіне Қазпошта» бөлімшелерінде және аймақтық «Костанайские новости» газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыздар.

Ақ халаттылар ардақталды

Рудныйда медицина қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиын өтті. Оған әкімдік қызметкерлері, қалалық мәслихат хатшысы, «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары мен денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлері қатысты.

Алғашқы құттықтау сөзді қала әкімінің орынбасары Елена Скаредина алды. Ол ақ желеңді абзал жандарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, әр маманның осы салаға қосқан өлшеусіз үлесіне тоқталып өтті. Әрі қарай өз әріптестерін қалалық ауруханаңың бас дәрігері Талғат Қайкенов құттықтап, өзінің жүрекжарды лебізін білдірді. Денсаулықты сауықтырып қана қоймай, әр минут сайын адам өмірін құтқаруға бар күш-қайратын салып жүрген ақ халаттылардың еңбегіне лайықты бағасын берді.

Шара барысында кеншілер шаһарының 10 медицина қызметкері қала әкімінің алғыс хатымен және ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Атап өтейік, медицина қызметкері күні 1980 жылдан бері маусым айының үшінші жексенбісінде мерекеленіп келеді. Үстіміздегі жылы бұл атаулы күн 17 маусымға түсіп тұр.

Тестілеуге тас-түйін дайын

Қымбат ДОСЖАНОВА

Қостанай облысында биылғы жылы 5 мыңға жуық түлек Ұлттық Бірыңғай Тестілеу тапсырады. Соның 142-сі «Алтын белгіден» үміткер. Түлектер кеші облыс бойынша бір күнге, 15 маусымға жоспарланды. Облыс орталығының түлектері бұл күнді А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың алдындағы алаңында атап өтпек. Тестілеуге дайындық шаралары туралы облыстық білім басқармасының басшысы Бәтима Даумова журналистермен кездесуінде айтты.

Былтырғы оқу жылында облыста 4 мыңнан астам бала мектеп бітірген болатын. Соның 89,8%-ы отандық жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік алды. Сол уақытта техникалық және педагогикалық мамандықтарға білім гранттары көбірек бөлінген еді. Былтыр мемлекеттік тапсырыс шеңберінде техникалық, педагогикалық мамандықтар бойынша жоғары білімді мамандарды даярлауға жергілікті бюджет есебінен 41 грант бөлінген. Ал биыл 200 грант бөлу жоспарлануда. Соңғы жылдары жастардың ҰБТ қорытындысын талап етпейтін шетелдік жоғары оқу орындарына түсуі белең ала бастаған еді. Осындай қолайсыздықтың алдын алу мақсатында ел Үкіметі мен облыстық әкімдік түлектердің отандық оқу орындарын таңдап, туған жерінде еңбек етулеріне барынша жағдайды жасауда.

– Педагогтардың негізі еңбегі ҰБТ қорытындысына байланысты екені даусыз. Біздің түлектер тестілеуді 21,22,23 маусымда тапсырады. Мұндай маңызды іс-шараға түлектердің 66,2%-ы қатыспақ. ҰБТ өтетін барлық 10 пунктке балаларды жеткізу жол-патрульдік полициясы мен медицина қызметкерлерінің бақылауымен жүзеге асады. Балаларды тасымалдау және тамақтандыруға жергілікті атқарушы органдар тарапынан қажетті қаражат бөлінді. Тестілеуге дайындық шаралары мұқият пысықталды. Бізге жалпы орташа балл көрсеткішінің жоғары болғаны маңызды. Сонымен қатар түлектердің қазақстандық оқу орындарын таңдағанын қалаймыз, – деді Бәтима Бексұлтанқызы.

Суретті түсірген Б.АХМЕТБЕКОВ.

Менингит тіркелген жоқ

Рудныйда менингококк жұқпасы бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Бұл туралы қалалық қоғамдық денсаулықты сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ольга Крылова мәлімдеді. Маманның айтуынша, өткен аптада менингококк инфекциясын жұқтырды деген күдікпен ата-анасы 6 жасар баланы дәрігерге көрсеткен.

– Дер кезінде қолға алынған сақтық және ем шараларының арқасында аурудың алдын алдық. Бірақ бұл инфекция еліміз бойынша белең алған менингит ауруына еш қатысы жоқ. Сондықтан тұрғындарды артық байбалам салмауға шақырамыз, – дейді ол.

Дәрігер мамандар кеншілер қаласында менингококк жұқпасына қарсы вакцина жеткілікті мөлшерде сатып алынғанын алға тартады. Бастысы, аурудың алғашқы клиникалық белгілерін байқаған жағдайда тұрғындар уақыт создырмай ақ халаттылардың көмегіне жүгінгені жөн.

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ.

Тіл мәртебесі – ел мәртебесі

Кенже ҚОНЫСБАЙ

«Мирас» мәдениет үйінде алдағы мемлекеттік қызметкерлер күніне орай «Мемлекеттік тіл мемлекеттік қызметте» облыстық байқауы өтті. Оған өңірдегі жергілікті билік өкілдері қатысты. Байқаудың негізгі мақсаты – қазақ тілінің аясын кеңейтіп, мәртебесін көтеру.

Қостанай облысының мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің басшысы Салауат Мұқсимов қазіргі таңда мемлекеттік тілді білуге көп көңіл бөлінетіндігін атап өтті.

– Елбасы Қазақстанның әрбір азаматы мемлекеттік тілді меңгеру керек екендігін үнемі айтып отырады. Біздің мақсатымыз – мемлекеттік қызметкерлердің сапасын, білімін арттыру. Бұл ретте қазақ тілін білу – басты міндет, – дейді департамент басшысы С.Мұқсимов.

Мұндай шара жыл сайын ұйымдастырылады, бірақ шарттары өзгеріп отырады. Мәселен, биыл үміткерлер жекелей емес, командаға бірігіп сайысты.

– Жарысқа қатысу үшін 17 командадан өтініш келіп түсті, әр топта 3 адамнан. Бас-аяғы 50 адам қатысып отыр. Қатысушылардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі үш кезеңнен тұрды. Мақсатымыз айқын – қазақ тілін дамыту, – дейді облыстық Тілдерді дамыту басқармасының жоспарлау, талдау және ақпараттық технологиялар бөлімінің басшысы Кенжеғали Бимағанбетов.

Командалар алғашқы кезеңде өздерін таныстырды. Бұдан соң әділқазылар олардың латын қарпінде оқу деңгейін және мемлекеттік қызметшінің мінез-құлық нормаларының этикасын бағалады. Аталған екі кезеңнен кейін қазылар тек Алтынсарин, Аманкелді, Жанкелдин, Меңдіқара аудандары мен Қостанай, Рудный қалаларының, сосын облыстық Ішкі саясат басқармасының командаларын келесі айналымға өткізді. Ақтық сында үміткерлер Қазақстанның киелі жерлеріне шолу жасады.

Барлық қатысушы білімді әрі өз ісінің шебері екенін байқатты, дегенмен, жарыс ережесіне сай тек жүзден жүйрік шыққандар ғана жеңімпаз атанады. Үш кезеңнің қорытындысы бойынша Ішкі саясат басқармасының мамандары үздік деп танылды.

– Біздің мамандар бұл сайысқа бірінші рет қатысып отыр. Сондықтан, жақсы дайындықпен келдік, әсіресе, еліміздің киелі жерлерін жақсы зерттедік. Меніңше, отанымыз үшін маңызды мекендерді еліміздің бүкіл азаматы білу керек. Сондай-ақ, бірнеше тіл білу де маңызды. Мен қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілінде еркін сөйлеймін. Мәселен, ағылшын тілін білгендіктен, мен латын қарпінде оқуға қиналмаймын. Мұндай байқаулардың беделі жыл сайын артып келеді, өйткені, қазір мемлекеттік қызметте жастар көп. Олар бәрін үйренуге әзір, – дейді жеңімпаз команданың капитаны Бағдат Жакенова.

Ал, жүлделі екінші орынды Рудный қаласы, үшінші орынды Аманкелді ауданының командасы әкетті. Жарыс жеңімпаздары мақтау қағаздары мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

Суретті түсірген Б.КӨРКЕМБАЕВ.

Аттестаттаудың форматы жаңарды

Биылдан бастап педагогтарды аттестаттаудың тәртібі өзгерді. Жаңа формат мамыр айында қолданысқа енгізіле бастады.

Ұлттық біліктілік тестілеуінде жақсы нәтиже көрсеткен педагог аттестаттаудың екінші кезеңіне өтеді. Мұндай жаңашылдық облыс ұстаздары арасында қызу талқыланған болатын.

–Жаңа жүйе педагогтарға таңдау жасауға және жалақыға қосымша 30-дан 50%-ке дейін ақы алуға мүмкіндік береді. Бұрын мұғалімдер жылына бір мәрте аттестаттаудан өте алатын. Жаңа жүйе бойынша жылына екі рет өтуіне рұқсат. Мамыр айында болған ұлттық біліктілік тестілеуіне облыстың 2760 ұстазы қатысты. Соның 1962-сі тестілеуден өтті, – деді Қостанай облыстық білім басқармасының басшысы Бәтима Даумова журналистермен кездесуінде

Қ.МҰРАТБЕККЫЗЫ.

БАҒДАРЛАМА

Астананың 20 жылдығын мерекелеу аясында Қостанай облысындағы Астананың мәдениет күндері.
Өткізу күні: 2018 жылғы 18 – 20 маусым.

Өткізу күні мен уақыты	Өткізу орны	Іс-шараның атауы
18-20 маусым	Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, сурет галереясы, Қостанай қ., Алтынсарин көшесі, 113	Суреттер көрмесі, Тәуелсіздік сарайы
18 маусым, сағат 15.00	Е. Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясы, концерт залы, Қостанай қ., Тәуелсіздік көшесі, 85	«Астанадан ақ тілек» концерті. «Қорқыт» дәстүрлі музыка тобы, «Шалқыма» халықтық би ансамблі, эстрадалық би ансамблі, классикалық, эстрадалық және халық вокалының әншілері.
19 маусым, сағат 18.30	«Мирас» мәдениет сарайы, Қостанай қ., Маяковский көшесі, 119	«Наз» мемлекеттік би театрының концерті
20 маусым, сағат 18.30	Е. Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясы, концерт залы, Қостанай қ., Тәуелсіздік көшесі, 85	«Астана» эстрадалық-симфониялық оркестрінің концерті

МАУСЫМНЫҢ ҮШІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

Перинаталдық орталық



Қарлығаш ОСПАНОВА

Бұл жаңа туған сәбилер мен жүкті аналардан арылмаған мекен. Орталықта қаладан ғана емес, облыстың аудан, ауылдарынан келген аяғы ауыр аналарға бала көтеру кезеңдеріндегі ауытқушылық үрдістерінің барлық түрлері бойынша ем жасалынады. Орталықты білікті әрі тәжірибелі дәрігер Татьяна Булгацевич басқарады. Жүзінен жылылық нұры ескен бас дәрігерді бүкіл өңір жұртшылығы жақсы таниды десек артық айтқандық болмас. Бүгінде заманауи технологияға негізделген құрал-жабдықтармен жарақталған перинаталдық орталықта бес бөлімше жұмыс істеп тұр. Соның ішінде туу бөлімшесі – бұл нағыз қарбаластың қайнаған ортасы. Біз медицина қызметкерлерінің төл мерекесі қарсаңында аталмыш бөлімшеде болып, ондағы ақ желеңді абзал жандардың бір күндік тірлігіне куә болып қайтқан едік.

Туу бөлімшесінің дәлізімен жүріп келеміз. Жанымызда бөлімше меңгерушісі Светлана Досова ханым. Отыз жылдан астам осы салада еңбек етіп келе жатқан бұл кісі білікті әрі тәжірибелі дәрігер. Аманкелді ауданында туып, сол жерде оқып, білім алып, кейін дәрігерлік қызметті де туған жерінен бастаған ол кісі бүгінде өз саласының майталман маманы. Ал, білікті дәрігердің осы орталықта еңбек етіп келе жатқанына жиырма жылдан асқан екен, соның 12 жылын ол бөлімше меңгерушісі ретінде абыроймен атқарып келеді. Ақ желеңді абзал жан бізге жалпы орталық туралы, өзі басқарып отырған туу бөлімшесінің тыныс-тіршілігі туралы айтып берді. Перзентхананың тәртібі бойынша, бөлімше қабырғасындағы тақтада қай палатадағы әйелдің қай уақытта босануы мүмкін екендігі де жазылып қойған. Біз барған күні, яғни кеше бейсенбінің түсіне дейін бес бала, оның екеуі кесарь тілігі арқылы өмірге келіпті. Отыз жылдай мыңдаған сәбидің кіндігін кескен Светлана Төлегенқызы бұл жолы да екі нәрестенің аман-сау өмірге келуіне өз септігін тигізді. Бізбен сұқбаттасуда асығыстық танытқан дәрігерге біз де түсіністікпен қарауға тырыстық, өйткені санаулы сағаттардан кейін босанатындардың да ауылы алыс емес екен. Жалпы, мұнда он бес туу залы бар көрінеді. Ал, бөлімшеге күніне оннан астам, тіпті кейде отызға жуық әйел жеткізіледі.

– Негізінде перинаталдық орталыққа түсетін әйелдердің ішінде түрлі созылмалы аурулармен түскендер паталогиялық жүктілік бөлімшесіне, ал толғағы жеткендері осы туу бөлімшесіне жіберіледі. Біздің күндегі жұмысымыз осылай қарбаласқа толы. Кейде бөлімше іші бір сәтке тынышталып қалады да, кейде бірнеше палатадағы әйелдердің толғағы бір уақыт шамасында келіп жататын кездер де болады. Ондай кезде тіпті қиын. Дәрігер жетпей жатады. Бірақ, біздің басты міндетіміз оларды аман-есен босандырып алу. Баланың да, ананың да денсаулығына бәріміз жауаптымыз. Сондықтан да, жұмысымыз екі есе ауыр. Әсіресе, біздің бөлімшенің жұмысының қызығы мен шыжығы жетіп артылады. Бөлімшеде күндіз екі акушер-гинеколог, ал демалыс күндері үш дәрігер тәулік бойы кезекшілікке тұрады. Себебі, перинаталдық көмек көрсетіп отырған перзентхана болғандықтан, шұғыл түрдегі науқастар түсуі мүмкін. Жыл басынан бері 1720 сәби өмір есігін ашса, соның 180-і шала туған нәрестелер. Аллаға шүкір, бәрі де аман-сау. Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары туу көрсеткіші төмендеп барады. Яғни, былтырғы кезеңмен салыстырғанда өңірде туу деңгейі отыз балаға азайып отыр. Ал, орталықтың медициналық құралдармен жабдықталуы да талапқа сай. Соңғы екі жыл ішінде орталық қазіргі заманауи медициналық жабдықтарға қол жеткізді. Маман кадрлардың да біліктілігі жоғары. Дәрігерлеріміз үнемі еліміздің белді де беделді деген денсаулық ұйымдарының базасында, сондай-ақ шетелдерде біліктіліктерін жетілдіріп отырады, – дейді туу бөлімшесінің меңгерушісі Светлана Досова.

Біз барған күні баласын бауырына алып, ана бақытына бөленіп жатқандардың бірімен тілдесу мүмкіндігіне де ие болдық.

– Бүгін мен үшін ерекше күн, екінші баламды дүниеге әкеліп жатырмын. Өте қуаныштымын. Өзімнің де, сәбиімнің де аман қалғаны бірінші Алланың, екінші осындағы дәрігерлердің арқасы. Ана мен баланың өмірін қалайда аман алып қалуға бар күш-жігерлерін жұмсайтын ақ желеңді абзал жандарға алғысым шексіз, – дейді қостанайлық ана Маржан Сұлтан.

Рас, орталықтағы ана мен баланың денсаулығын сақтауда тәжірибелі мамандардың да үлесі зор екендігі даусыз. Осы ретте бас дәрігер Татьяна Булгацевич, бас дәрігердің орынбасары Борис Аутенов, Гинекология бөлімшесінің меңгерушісі Ардақ Дәулетбаева, тәжірибелі акушер-гинекологтар Светлана Якушевич, Толғанай Асқарова, Марипа Оспанова, Надежда Дуда, Светлана Жумабаева, неонатологтар Ирина Мойсеева, Мария Қонысбайқызы, орта буын акушерлар Нәзира Телғарина, Виктория Кандыбко, Меңсұлу Омарова, Ақмарал Бейсенбаева, УЗИ дәрігерлері Дариға Сүлейменова, Дина Құрманова, анестезиолог-реаниматолог Виктор Шабуров сияқты білікті мамандарды ерекше атап өткеніміз де орынды.

Иә, бұл орталықта күн-түн демей, талай аналар өмір мен өлімнің арасында жатып дүниеге сәбилерін әкелуде. Оны өмірге ұрпақ әкелген аналардың өздері ғана түсініп, сезінері хақ. Аллатағалам ол кісілерге жеңілдігін берсін деп тілейік. Ал, осы аналарымыз бен сәбилеріміздің өмірі үшін, жалпы адам денсаулығы үшін күресіп, адам жанының арашашысы болып жүрген дәрігерлердің де мойнына жүктелген кәсіби міндеттің салмағы да жеңіл емес. Өйткені, ұлт саулығы осы ақ желеңді абзал жандардың білімі мен біліктілігінен бастау алатыны да жасырын емес. Сондықтан, оларды кәсіби мерекесінде шексіз құрметке бөлеп, алғысқа бөлеу де заңдылық. Біз де барша медицина қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, дендеріне саулық, отбастарына амандық, қызметтеріне табыс, табандылық пен төзімділік тілейміз!

СУРЕТТЕРДЕ: перинаталдық орталықтың туу бөлімшесінің дәрігерлері.

Суреттерді түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

КӘСІПКЕ ҚОЛДАУ

Кәсіпкерліктің жүгі жеңілдей түспек

Елбасы Н. Назарбаевтың «Бес әлеуметтік бастама» атты халыққа үндеуінің төртінші бөлігінде шағын несие беруді көбейту туралы айтылған. Ұлт көшбасшысы сол жолы жұмыссыз жүрген жандардың санын азайту мен жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін шағын несие беруді қолға алып, сол жолда жүйелі жұмыс істеу керек екенін атап өтті. Бұл төңіректе облыста нақты жобалар қолға алынғаны белгілі. Біз «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы облыстық филиалының директоры Мұрат Әбеновпен жүздесіп, көкейде жүрген сауалдарымызды қойған едік.

Әлібек ЫБЫРАЙ

– Қазір мемлекетіміз елдегі шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға айрықша мән беріп отыр. Бұл ретте Үкімет тарапынан үлкен көмек көрсетіліп отырғанын айтпай кетуге болмайды. Әрине, саланы дамытуда кездесетін кедергілер аз емес. Дегенмен, "шегірткеден қорыққан егін екпейді", – демекші, шағын және орта бизнесті дамыту барысында кездесетін кедергілерге дер кезінде төтеп беруіміз қажет. Яғни, жергілікті жерлерде кәсіпкерлікті алға оздырудың түрлі тетіктерін қарастырып жатырмыз. Біздің алдымыздағы ең ұлы мақсат, ол – алдымен адами капиталды нығайту.

Өздеріңіз білесіздер, "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрылғалы бері ауқымды шаралар жүзеге асты. Оның бәрі кәсіпкерлердің игілігі үшін жасалған қадамдар екендігі даусыз. Біз ең бірінші, кәсіпкерлердің құқығын қорғауға тиіспіз.

Өткен жылы өңірлік палатаға 260-тай өтініш келіп түсті, олардың 147-і оң шешімін тапты. Жалпы алғанда, бүгінгі күнге дейін қостанайлық кәсіпкерлердің 1,8 млрд теңгеге бағаланған мүліктік құқықтары қорғалды. Бұл өте ауқымды жұмыс.

– Мұрат Телғараұлы, кәсіпкерлер палатасы импортты алмастыру, салықтық жүйені бірізді ету және сұранысқа ие мамандарды дайындау мәселелеріне айрықша ден қойып отыр. Әсіресе, салық заңнамасын жетілдіру бойынша атқарылып жатқан жұмыс кәсіпкерлер үшін өте тиімді. Бұл да кәсіпкерлер үшін аз көмек емес тәрізді...

– Салық санын қысқарту, қосымша салықтарды жергілікті бюджеттерге беру, жалақы қорындағы ауыртпалықты азайту және ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін бірыңғай салықты енгізу мүмкіндігін береді. Бұл агроөнеркәсіп кешені саласында бизнесті жүргізуді айтарлықтай жеңілдетеді.

"Атамекен" қызметіндегі айрықша назар импортты алмастыруға аударылған. Оны өндірістерді жергілікті жерде орнықтыру, жаңғырту және мемлекеттік сатып алуларға қатысу арқылы қамтамасыз ету керек. Қазіргі таңда отандық тауар өндірушілер тізіліміне енген өңдеу өнеркәсібі бағытындағы 1500 кәсіпорынның өндірістік әлеуеті зерттелді.

Өндірісін орнықтырған, қажет жағдайда модернизациялаған кәсіпорындар үшін мемлекеттік сатып алулар, квазимемлекеттік сектордың сатып алулары арқылы сапасы жоғары өнімді жеткізу үшін "Бір терезе" қағидатымен нақты қолдау мүмкіндігін енгіздік. Бұл облыстың барлық аудандары мен қалаларында да жүзеге асып жатыр. Тағы бір айта кететін жайт, Ұлттық палата 2014 жылы және былтыр бақылау мен қадағалау функцияларының екі ауқымды реформасын жүргізген болатын. Өткен жылғы реформа аясында мемлекеттік органдардың 540 функциясының 137-і алынып тасталды. Талаптардың саны 56%-ға (17 мыңға) азайып, 1 мыңға жуық бақылау-өткізу бекеттері жойылды.

– Халықты жаппай кәсіпкерлікті дамытуға шақыратын "Бастау" жобасының нәтижелі істері көңіл қуантады. Осы бағдарламаның арқасында облыстың көптеген тұрғыны өз істерін ашып та жатқанын білеміз. Жобаға қатысушылар палата жанынан ашылған қысқа мерзімді курстарда оқып, кәсіпкерліктің қыр-сырына қанығып шығады. Бұл алдағы уақытта да жалғаса бере ме?

– Иә. "Бастау" жобасы бойынша бизнес негіздерін оқығандар енді тәжірибе жүзінде білімдерін шыңдап, жеке кәсіптерін ашты. Мәселен, былтыр облыста 300-ге жуық адам кәсіп ашса, биыл 2 мың адам осындай игілікке иек артпақ. Мемлекет басшысының өзі "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасымен ашылған "Бастау" жобасын қолдап отыр. Биыл шағын несиелеу бойынша қаржыландыру ұлғайды.

Жалпы, дербес бизнес бастағысы келетіндердің дені мал шаруашылығымен айналысқанды жөн көреді. Арасында қызмет көрсету орындарын ашсам дейтіндер де жоқ емес. Қосымша бөлініп отырған 14 миллиард теңге шағын несие ауыл-аймақтарда кәсіпкерліктің өріс алуына үлкен сеп болары сөзсіз. Былтыр аяқсыз қалған бизнес жобалардың 30%-ы бірінші кезекте қаржыландырылады. Басқалары да құр алақан қалмасы анық.

Биыл "Бизнес-бастау" бағдарламасы бойынша кәсіпкерліктің қыр-сырын үйренгісі келетіндердің саны былтырғыдан екі есе көп. Олардың дені шағын несиемен қамтылуы тиіс. Өңірлік "Атамекен-Қостанай" шағын қаржы ұйымы жұмысының нәтижесі туралы айтсам, қаржы ұйымы құрылғалы бері 265 шағын несие иелерін тапқан. Оның жалпы сомасы 1 169 млн теңгеден асады.

Шынтуайтына келгенде, Елбасының "Бес әлеуметтік бастамасындағы" төртінші бағыт ауылда жұмыссыз жүрген талай жанға үміт сыйлады. Осы бастаманы іске асыру үшін бәріміз аянбай еңбек ету ғана қалды.

– Жақында Елбасы кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру туралы заңға жарияны түрде қол қойды. Бұл кәсіпкерлік нысандарын тексеру мейлінше азайып, мемлекет тарапынан көрсетілетін қызмет түрін әлдеқайда жеңілдетеді емес пе?

– Әрине, Президенттің заңға қол қоюы кәсіпкерлер үшін үлкен қуаныш екені сөзсіз. Оның үстіне Елбасы заңға енгізілген өзгерістерді кәсіпкерлікпен шұғылданатындарға жан-жақты түсіндіруді тапсырды. Ендігі уақытта кез келген кәсіпкер енгізіліп жатқан өзгерістерден хабардар болуы тиіс.

Жаңадан енгізілген өзгерістер бойынша айыппұлдардың, үстеме пайыздардың орнына кәсіпкерлерге алдымен ескертулер жасалады. Бұл біраз қиындықтарды шешетіні анық. Осы мақсатта еліміздегі кәсіпкерлік қызметті реттеу жүйесі қайта қаралды. Сөйтіп, 14 кодекс пен 109 заңға шамамен мыңға тарта түзету енгізілетін болады. Мәселен, бизнес үшін әлі күнге дейін ең өзекті мәселелердің бірі – коммерциялық мақсатта жер алу мәселесі болып тұр. Бұл жайында кәсіпкерлердің өздері кездесулерде бірнеше рет айтты. Енді жер учаскелерін беру үдерісінің ашықтығы заңнамалық деңгейде қамтамасыз етіледі. Жергілікті атқарушы органдар жер телімінің орналасқан тұсы, онда салынып жатқан құрылыс объектісі және сатып алушы туралы ақпаратты өздерінің интернет-ресурстары мен БАҚтарда жариялауға міндетті. Мұндай ақпарат жерді қандай мақсатпен сатып алғанын білуге мүмкіндік береді. Шынымен шағын немесе орта бизнес объектісін салу үшін бе, әлде қайта сату үшін бе? Осы тектес сауалдардың басы ашылады. Бұл өзгеріс осы саладағы көптеген мәселелерді шешері сөзсіз.

Тағы бір жаңашылдық, аукциондар өткізу бойынша әкімдіктердің міндеті заңды түрде бекітілді. Шара мерзімінің қысқа болуы жемқорлық тәуекелдерді барынша азайтады. Менің ойымша, бұл жер учаскесін алудың әдіс-тәсілдерінің бірі. Дүниежүзілік банктің "Doing Business" рейтингінде Қазақстанның позициясын жақсарту да заңға енгізілген.

Қабылданған заң кәсіпкерлік белсенділікті арттырудың қуатты құралы болатынына сенімдімін. Жаңа заңда іріктеп тексеруді профилактикалық бақылауға ауыстыру, бақылау функцияларын 30%-ға қысқарту бастамасы қабылданды. Бұл бизнес қауымдастық үшін маңызды мәселелердің бірі болғанын ескерсек, өте үлкен маңызға ие. Әйтпесе бітпейтін тексерулер кәсіпкерлердің ығырын шығарып жібереді. Ал профилактикалық бақылау оларға көптеген мәселелердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде 114 бақылаудың 20-сы алынып тасталады. Кәсіпкерлерді тексеру кезінде қойылатын 30 497 талаптың 17 654-і қысқартылатын болды. Бұл ретте тек санитарлық-эпидемиологиялық талаптар 85%-ға, өрт қауіпсіздігі саласындағы талаптар 72%-ға азайды. Сондай-ақ кәсіпкерлік субъектісіне барып, арнайы тәртіппен және кәсіптік бақылау арқылы өткізілетін тексеру уақыты 30 жұмыс күнінен 15 жұмыс күніне дейін, ал жоспардан тыс тексеру уақыты 30-дан 10 жұмыс күніне дейін қысқартылды.

Жалпы, 2016-2017 жылдары бизнеске салынатын әкімшілік жүктемені азайту бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді.

Былтырғы желтоқсанда әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгерістер енгізілді, бизнеске қатысты ережелердің 78%-ы қайта қаралды. Бұл еліміздегі кәсіпкерлікті өркендетуге жасалып отырған тамаша мүмкіндік.

– Әңгімеңізге рахмет!

НӨМІРДЕН – НӨМІРГЕ

ЖОЛЖАЗБА

кешегі Қытай емес

Әділбек ЖАҚЫП, жорналшы,
Қазақстан Бас редакторлар клубының мүшесі

(Соңы)

Бұл әртүрлі үздіксіз шегініс жасау, қарсылық әрекеттері, алдау және айналып өту амалдары, түсініксіз дәлелдемелер, қажет болса, күш көрсету белгілері. Жалпы, келіссөз жүргізу кезінде қытайлықтардың кеңінен таралған мынадай қабылдау амалы бар. Егер қытайлықтар келіссөз жүргізетін тараптың (мысалы қазақ жағы) Қытайға келу үшін соншама қаржы және уақытын жібергенін және бос қайтқанын қаламайтынын сезген жағдайда, олар келіссөз үстінде өзара ортақ мүддеге келмеу үшін қасақана әрекеттерге жүгінеді, бағаларды тым асырып немесе қатаң талаптар қоюға ұмытылады.

Егер сіздің Қытайдан кететін мезгіліңіз туралы ақпарат белгілі болған жағдайда, ол қытайлықтардың қолындағы бұлтартпайтын кезекті құрал болып табылады. Келіссөздің соңғы нүктесін қою ұзаққа созылады, әбігерге түсесіз, көңіл-күйіңіз құлазиды, қолыңыз байланады, ортақ шешімге келмей кете алмайсыз. Осындай шырмауық торына түсіру әрекеттерін қытайлықтар өз пайдасына шешілетін амал деп есептейтін көрінеді. Сондықтан, кері кететін билетіңізді бірнеше күндерге тапсырыс жасап қойыңыз, егер өзіңіз осы келіссөзден нақты нәтиже шығады деген сенімде болсаңыз.

Қытайлықтар келіссөз барысында сіздің әрбір сөйлеген сөзіңізді жазып отырады және оңтайлы жерінде өзіңізге қарсы пайдаланады және өтірікке айналдырады. Нақты сандарды айтқан кезде және өз адамдарымен әңгіме барысында өте сақ болған дұрыс.

Жалпы қытайлықтар саудаласқанды жанымен ұнатады. Олар сіз сұраған тауарларды алдын-ала өте төмен бағамен сатуға әзірлеп қояды немесе тым жоғары бағамен сатып алуға көндіруге жүгінеді.

Егер келіссөз барысы тұмшаланған жағдайда, сіз олардан да басқалардың бар екенін еске салсаңыз, оның ешқандай ыңғайсыздығы жоқ. Қытайлық өндірушілер арасында бәсекелестік өте жоғары және Қытайда кез келген тауарды шығаратын немесе жеткізетін баламалы әріптестерді табу қиын емес. Егер, мәселе тауардың құнында болатын болса, сіз арзан да сапалы тауарды алуға мүмкіндігіңіз бар. Мұнда жапон және кәріс тауар өндірушілері де өз қызметтерін ұсынады.

Келісім-шартқа қол қояр алдында барлық тармақтарды қытай тарабымен келісіп алған жөн. Ескеретін жәйт, келісім-шарттағы барлық тармақтар бойынша екіжақты пікір бірдей болуы керек. Жалпы, келісім-шартты заң түрінде нотариалды кеңсе арқылы куәландырып алған абзал.

Келіссөз жүргізу барысында өзіңізді өте сабырлы ұстап, шыдамды болғаныңыз жөн. Егер сіз олармен түні бойы қыдырып, өзара сыйластықта болсаңыз да келіссөз барысында өзіңіздің жеке сәттеріңізден сыр білдірмеңіз. Өзіңіздің қытайлықтар алдында ең басты мақсат – бизнес болып табылатынын байқатыңыз. Қытайлықтар келісім-шартқа қол қойдыруға мүдделі әрекеттер жасауға барлық күш-жігерін жұмсайды.

Теңіз жағалауындағы көрініс

Әріптес іздеу. Жалпы қытайлықтар бизнеске, әсіресе, коммерциялық тәуекелділікке өте сенімсіздікпен қарайды. Қытайда қаншама бизнес құрылымдары мен жеке кәсіпкерлер көп болғанымен олардың ішінен лайықты әріптес табу оңай емес. Олар шет елден келетін кәсіпкерлерді "қолға түскен олжа" деген мағынада қабылдайды. Сондықтан, әріптес іздеу барысында өте мұқият болғаныңыз жөн.

Қауіпсіздік шаралары. Шындығын айтсам, толық қауіпсіздікке кепіл беру мүмкін емес. Мәселен, қонақ үйлердегі кіші қызметшілер сіздің іс сапарыңыз, қандай әріптестермен байланысқа шыққаныңыз туралы, бөлмеге қалдырып кеткен компьютерден басқа да іскер қағаз беттерінен толық ақпарат алуға мүдделі. Сонымен қатар, егер сіз мемлекеттік саяжайларда, ведомстволық "қабылдау үйлерінде", санаторияларда немесе қытайдың меншікті қонақ үйлерінде тоқтасаңыз, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмайсыз.

Бір ескеретін жәйт, жалға алған қытайлық мобильдік аппараттарға сенуге болмайды.

Жалпы, қытайлықтар коммерциялық ақпаратты жинауда немесе шетелдіктерді өз жағына арбауда техникалық тәсілдерді жіті пайдаланады. Бұл салада техникалық жабдықтау деңгейі өте жоғары. Өз тарабыңыздан техникалық құралдарға қарсы әртүрлі құрылғыларды пайдалануға әрекет жасамағаныңыз дұрыс. Егер өзіңіздің бөлмеңізден немесе портфель ішінен, киім ішінен "қоңыздарды" тауып алған жағдайда оны қытайлықтарға көрсетіп әділдік іздемеңіз, бұл іс-әрекет өзіңізге қарсы пайдалануы мүмкін.

Сондықтан бөлмеде саясат және коммерция мәселелерінде ешқандай әңгіме айтып, пікірлер білдіруге өте сақтықпен қараған жөн. Теледидар мен радиоларды, басқа да құрылғыларды сөндіріп тастау, іскерлік қағаздарды өртеп жіберу, компьютерде өзге ақпараттарды өшіріп тастау немесе толық тазартып отыру және терезелерді жауып отыру, сыртқы есіктерді, ішкі есіктерді тексеріп, бөгде адамдардың болмауын, компьютер құралдарын бақылаусыз қалдырмау қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Байыпты болған жөн. Жалпы Қытайда қытайлықтармен қарым-қатынас жасағанда өте байыпты болған жөн. Тым сенгіштік, дөрекілік немесе әдепсіздік салдары қайғылы жағдайларға соқтыруы мүмкін. Қытайлықтармен бизнес жүргізудің басты ережесі – "өзіне жауларды көбейтіп алмау"! Сондай-ақ, олар өз әрекеттеріне көз жұмып қарайды. Сондықтан қытайлықтар тарапынан өзіне деген "ашудан" құтылу немесе болдырмау үшін қытайдың "өз келбетін жоғалтпағанын" сезінбеуін байқатпаған жөн. Өз тарабыңыздан жіберілген әрекеттерді басқа қытайлықтардың білмегені абзал.

"Өз беделіне дақ түсіру" ол әлеуметтік құбылыс болып табылады. Мәселен, сіздің өтірігіңіз немесе дөрекілігіңіз қытайлықтарға ешқандай қорқынышты әрекет емес, тіпті, керісінше, сіздің өтірігіңіз ақылыңыздың деңгейін байқатып, дөрекілік мінезіңіз ішкі дүниеңізді көрсетеді. Осы мінездеріңізді басқа қытайлықтар, әсіресе, сіз қарым-қатынас жасап жүрген сыйлас қытайлықтар байқап қалса, онда сіз абыройдан жұрдай болдым деп есептей беріңіз.

* * *

Қазіргі таңда Қытайдың Орталық Азия мен Қазақстанға ықпалы артып келеді. Мұны ШОС арқылы жүзеге асыруда. Бұл іс-әрекет Ресейге ұнамай отыр. Олардың бұған қарсы қоятын саяси іс-әрекеттері мардымсыз күйде. Оның үстіне АҚШ-тың және басқа мемлекеттердің Ресейге қарсы санкциялары оның Қазақстан және Орталық Азияға ықпалын әлсірете бастады. Ресей осы аймақ үшін аспан асты елмен текетіреске бара алмайды. Оны Ресейдің қазіргі саяси және экономикалық мүмкіндігі көтере алмайды.

Алдағы жылдарда Қазақстан және Орталық Азия Қытай мен АҚШ мүдделерінің аймағына айналады және солардың ықпалында болады. Сондықтан, аспанасты елмен саяси және экономикалық қарым-қатынасымызды өзара ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарап, тығыз байланыс орнықтыруды тереңтеде түсу керек. Ел ішінде Қытай туралы әртүрлі алып қашпа әңгімелердің шығу төркінін сараптап, тиісті қорытындылар шығарғанымыз абзал. Мұндай қашпа әңгімелерді қазақ және қытай қарым-қатынасына нұқсан келтіру мақсатында шетел барлау қызметтері ұйымдастыруы әбден мүмкін. Әсіресе, қытайлық оралман ағайындардың өздері туып өскен елді жамандап, әртүрлі ақпарат таратуы соның нышаны ма деп ойлайсыз. Бұл әрекет өздеріне, жұртында қалған туыс-тағандарына жақсылық әкелмейді. Сондықтан, сабырлы дипломатиялық шешім керек.

Жасыратыны жоқ, кейбір шетел барлау қызметтері және өз ішіміздегі топтар Қытайдың біздің елге деген ықпалын әлсірету мақсатында кері қоғамдық пікір тудыруға мүдделі. Дегенмен, біздің ел, халқымыз үшін құдай көршіміз, алып мемлекет Қытаймен тату-тәтті ынтымақта болу біздің басты парызымыз.

Астана-Үрімші-Дальян-Хайнань-Алматы.

Суреттерді түсірген автор.

Мәңгі жаса АСТАНА

Жиырма жаста әлемге әйгілі болған Астана,
Арғымақтай арындап, бәйгілі болған Астана.
Бақыт қонған елімнің Ай-Күні болған Астана,
Сарыарқаның төрінің айбыны болған Астана.

Туған жердің төрінің биі болған Астана,
Қазағымның әні мен күйі болған Астана.
Бар әлемді өзіне қызықтырған Астана,
Патшалары әлемнің жиі болған Астана.

Қыдыр дарып, бақ қонған бала күннен Астана,
Бейбітшілік жаршысы бола білген Астана.
Әділеттің ақ жолын мұра білген Астана,
Барлық істе төзімі, шыдамы кең Астана.

Ұлы даладай кеңдігі шалқып жатқан Астана,
Гүлдің иісі көшеде аңқып жатқан Астана.
Ақылды қала атанған Елордамсың Астана,
Данышпан да өзіңсің, көтеріп жатсың бастама.

Ет жүрегің елжіреп, қамқорсың кәрі, жасқа да,
Көк туың көкте желбіреп, көкке өрле Астана.
Таңырқатқан әлемді болсаңда қазір жас қала,
Өркен жайып, өркенде, мәнгі жаса Астана.

Шүкірбай АҚНАЗАРҰЛЫ,
еңбек ардагері.

Рудный қаласы.

Жастық шақ

Қызық дәурен өтті білем басымнан,
Сері жігіт атанып ем жасымнан,
Бір көшені толтыратын топырлап,
Жора-жолдас қалмай менің қасымнан.
Қыздырған шақ жиырма бестің көрігін,
Сұлу құшып, қызуына ерідім.
Бәрінен де, ризамын халқыма,
Еркелеткен ерке мінез, өр ұлын.
«Жастық шақ», – деп қойдым бүгін жыр атын,
Өтті дәурен, сауық-сайран құратын.
Қайтқан білем, басқа ауылға бет алдық,
Тау көтерер Толағайдай қуатым.
Не істесем де, адалдық пен ойымда,
Ел намысы ең биікте тұратын!

Көңіл-күй

Жасырмай айттым сырымды елге,
Жалғандықпенен жаным қас.
Ауыр салмақты сүйреген өрге,
Жүрегім қалай ауырмас?

Мәселелерін шешілмей жатқан,
Маған айтады жалпы көп.
Шешуге соны көңілім шапқан.
Басым жүр әңкі-тәңкі боп.
Қиын істерге қолпаштап салар,
«Ақынымыз» деп арқалы.
Батыл істерге жол бастап барар,
Денемде дел-сал тартады.
Түн жарым болды-ау, отырмын ояу,
Тығырықтан шығар жол іздеп.
Өмір дегенің күреске толы-ау,
Ортаймасыншы көңіл тек!

Сөз қалсын!

Қалам алып қолыма,
Ұшырайын Жыр құсын.
Ермесінші соңыма,
Тірліктегі түрлі сын.

Серік қылып сабырды,
Тереңнен жыр терейін.
Бойымдағы барымды,
Үлестіріп берейін.

Бұрын туған бәрінен,
Барым – өлең жолдасым.
Қозғайыншы әріден.
Артымда асыл сөз қалсын!

Ақиқатты айтамын.
Өкпелейтін де көп,
«Төкпе» дейтін де көп.
Шындықты айтам деп
Миыңды ашытпа,
«Текке» дейтін де көп.
«Жазшы» дейтін де көп,
«Ащы» дейтін де көп.
Қатпар-қатпар қыртыстарды,
Жемқорлығы мол тұстарды
«Айтшы» дейтін де көп.
«Жазба» дейтін де көп,
«Қазба» дейтін де көп.
Қазынаңды қу қағып кетсін,
Ел ырысын алып кетсін
Қанағат қыл азға дейтін де көп.

Алла аузыма сөз бергесін,
Қиянатты көз көргесін.
Ақиқатты айтып қалам,
Куә соған Дархан далам!

Абай ҚАЖИ.
Әулиекөл ауданы.

Киік ана

(Болған оқиға ізімен)

Қырық жылдан астам уақыт түйелерді бағып, асырап, бейнеті мен рахатын бірге көрген туған ағам марқұм Үсенбай Өзбекстанның Боқантауы даласымен қызылын түйелерін түгендеп іздеп жүргенінде, жер бетіндегі тіршіліктің көріністерін күзеткен кезі келгенде ерінбей айтып отыратын. Сол әңгімелері ішіндегі құдіретті уақиға – Киік Ананың өз ұрпағы – құралайына мейрімінің көрінісі еді. Төменде күзетілген уақиғаны жыр тілімен көпшілікке ұсынып отырмын.

Өмірі өтіп туған жер саясында,
Тіршілік тіріменен жарасымда.
Түрленіп ен далада жатады екен,
Көк сеңгір аспан әлем аясында.

Жусан, қандым, теріскен, сексеуілде,
Таулармен көрік жасап өңірінде.
Өзінше тірі дүние жасап әлем,
Тудырған ризығын жер бетінде.

Көктемнің күні екен тұнжыраған,
Аспан бұлт, түйдектеле шоғырланған.
Құралай анасымен еленденуде,
Даусынан найзағайдың шатырлаған.

Бір жерде жас құралай тұрмай сырғып,
Найзағай дыбысынан қорыққан, үркіп.
Әдейі сескендірердей найзағай да,
Тынбастан гүрілдерді күшін жыйып.

Шатырдан кететіндей жер де сынып,
Жарқылдап үсті-үстіне тынбай тұрып.
Қорыққан құралайды көздегендей,
Жасын – оқ қас қағымда жықты ұрып.

Ышқынып Киік Ана тастап өзін,
Кеудемен құралайдың жапса да үстін.
Бұл кезде құралайы бықсып жатқан,
Жасын – оқ жалынымен жасап түтін.

– О, тәңірі мұншалық не қылғаның?
Түсірмей қара жерге от жасының.
Дегендей Киік Ана жаны өртеніп,
Егіліп тұрды күйіп, қинап жанын.

Қасарып маған неге азап бердің?
Мен Ана арманымды қаза еттің.
Дегендей Киік Ана зарлы күйде,
Сағымды даласында Қызылқұмның.

Түрткілеп мүйізімен құралайын,
Иіскейді еміреніп бүйір, жонын.
Тепкілеп қара жерді тұр дегендей,
Беліне үйкелейді тұмсық, мойнын.

Тұрмасын білсе де анық Киік Ана,
Ішінен тұрғандай-ақ жылап, іріп.
Жатыпты кете алмай ол қасына,
Жаны жоқ құралайын қимай, төніп.

Иіскелеп құралайдың өлі сүлдесін,
Кетпепті үш күн бой жимай есін.
Ақыры тұрмайтынын анық сезіп,
Үзіпті көзі жетіп өз үмітін.

Түйекеш күзетіпті бұның барын,
Куәсі болып өзі осы жайдың.
Жақындап барсадағы үрікпепті,
Қыя алмай Киік Ана құралайын!

Жайылып кеткенінде ол жыраққа,
Түйекеш көміпті өлігін ақ құмаққа.
Тырналап көмген жерін құралайдың,
Іздепті Киік Ана келген шақта.

Қыстапты сол аумақты кетпей жүріп,
Келіпті Теке киік мұны біліп.
Екеуі бірге жүріп қысты өткеріп,
Туыпты ол көктемінде бала киік.

Ерітіп Киік Ана жас құралайын,
Кетіпті басқа жаққа жасап жайын.
Кім білген тілсіз жанның ішкі сырын,
Көбейсін мың ұрпақты боп ылайым!

Адалдық Анаға тән, әрі даналық,
Жұмақ қой, мейірімі мол Ұлы Аналық!
Үмітін тағдыры таптап жатса да,
Ұрпақ деп өмірі өтер Ана аталып!

Осылай Ана мейірін атап ерек,
Мұхаммед хадисінен берем дерек:
«Сыйласаң алдыменен Анаңды сыйла,
Анаңды, тағы Анаңды сыйла» деген!!

Үсебай ЖҰМАБЕКОВ.
Рудный қаласы.

НОВЕЛЛА

Ақ жаулық



Жас жұбайлар бақытты ғұмыр сүріп жатқандай еді, бірақ арада көп күн өтпей жатып жаңа түскен келін оғаш мінез көрсетті. Оған күйеуінің шешесі, яғни өзінің енесі ұнамайды екен, «Мен сексенге келген сенің ауру шешеңді бала құсатып бағып отыра алмаймын. Оны күтіп-баптайтын үкіметтің арнайы орны бар емес пе, есі дұрыстар ондай ауру кәрі-құртаңдарды сонда апарып тастайды. Мен сенің мамаңның иіс сіңген киімін жуып, дәретін төгіп отыру үшін келгенім жоқ» деп күйеуінің миын жеп, ақыры оны өз дегеніне көндіріп тынды. Ана байғұс қайтсін, бір-ақ күнде «Қарттар үйінің» тұрғыны болып шыға келді. Бұл арада бәрі жақсы секілді көрінгенмен, туған үйіндей қайдан болсын? Бірақ туған үйім дейтіндей үйі қалды ма, кең мекенді тар қылып, келіні күн көрсетпейді емес пе? Сөйтіп, «Қарттар үйіндегі» күндері өтіп жатты. Күйеуіне сөзін өткізіп, күшіне мінген жас келін енесінен қалған бүкіл затты, киім-кешектің көзін құртып, біраз шаруа тындырды. Үйге жөндеу жасатты, одан соң жаңа жиһаз, мүлік алдырып, бөлмелерді толтырды.Тек дәліздің есігі дұрыс жабылмайтын болғандықтан, оны жаңасымен ауыстырғанша деп өткенде енесінің қалып қойған жаулығын екі жақ тұтқасына байлай салған еді, жалғыз сол болмаса, бұл үйде қарт ананы еске түсірерліктей түйір зат қалмаған. Есік ашылып-жабылған сайын қажалып, түтіле түскен ақ жаулыққа тіл бітсе мұңын шағар ма еді, алайда ондай ғажайыпқа жол қане?.. Бір күні, екі кештің ортасында аяқ астынан келіннің іші қатты бүріп ауырды. Жатын бөлмедегі жұмсақ диванға да жете алмай, ішін ұстап жерге бүктетіліп отырып қалған жас келіннің өңі бозарып, тынысы тарылып барады. Құдай айдап, тыстан күйеуі келе қалмасы бар ма? Бірақ ол не істерге білмеді. «Ішім, ойбай ішім...» деп екі бүйірін ұстап, бүктетілген келіншегін әрең-деп демеп, төсекке апарып салды. Сәл тынышталғандай болғанда күйеуі: «Жаным, жедел жәрдем шақырайын ба?» деп телефонды қолына алған, әйелі басын шайқап: «Жоқ. Керегі жоқ. Қазір басылар... Одан да ішімді байлайтын бірдеңе әкелші...», – деді қиналып. Күйеуі үйді он айналып, ештеңе таппады. Әйелінің басына орамал салмайтыны да есіне түсті. «Бұл үйде орамал жоқ. Шешемнің жаулықтары қайда кеткен?..» деген ой санасында сырғып өтті. Енді не істемек керек? Кенет көзі түсті, дәліздегі есік тұтқасында ағарған шүберек байлаулы тұр екен. Байлауын тарқатты. Тәтті иіс бұрқ ете түсті. Орамал. Тани кетті. Анасының ақ жаулығы.Үкі-түкісі шығып, сәл-пәл кір шалса да анасының көзіндей дүние жігіттің жүрегін елжіретіп жіберді. Танауына апарып, бір иіскеп алып, сонымен келіншегінің ішін таңды. Ал әйелінің ішін немен байлап жатқанына мән беріп жатуға да мұршасы жоқ, көзін тарс жұмып алған күйі бүк түсіп, сұлқ жатыр. Келін сол жатқаннан ұйықтап кетті. Түнде түс көрді. Ертеңіне ештеңе болмағандай ауруынан құлан-таза айығып шыға келді. Және өзі бұрынғыдай емес, өмірге қайта туғандай сынық өңінде біртүрлі ізгі ойдың табы аңғарылады. Күйеуі жұмысына жиналып жатқан: «Мамам қалай екен? Сен оған қашан бардың?» деп сұрады. Күйеуі өз құлағына өзі сенбей: «Не дедің, кімді айттың?» деді. «Мамамды айтам, оған «Қарттар үйінде» қиын болар, біз оны үйге алып келсек қайтеді, а? Өзім қараймын. Мен... мен...» деп иегі кемсеңдеп жылады-ай келіп... Жігіт ақылдан аңтарылып, әлі тұр. «Мамам дейді, бұлай айтпайтын еді ғой, үнемі «сенің мамаң», «сенің шешең» деп сөйлейтін еді, бүгін не болған, әлде ауырып тұр ма? Әйелінде өзгеріс бар...» Біраз егілген әйелі басын жастықтан көтеріп: «Түс көрдім. Менің ішімді бүріп, теуіп жатқан дүниеге келетін болашақ сәбиіміз екен. Ол: «Сен менің мамам емессің, себебі сен менің әжемді далаға тастадың, сен жамансың деп ішімді тістелеп, өкшесімен тепкілеп жатыр екен. Сонда мамам келді де басындағы ақ жаулығымен ішімді жапты, содан сәби тынышталды... Оянып кеттім. Белімді сипасам, жып-жылы, жұп-жұмсақ орамалға қолым тиді. Мамамның жаулығы екен ғой! Ішімді сонымен таңған екенсің. Айналайын, ақ мамам-ай!.. Сен тезірек барып, мамамды үйге алып келші... Сағындым... Мен оған шейін үйді жинап, бөлмесін әзірлеп, шоланға апарып тастаған оның заттарын кіргізіп қояйын...Дастархан жайып, тамақ әзірлейін... Неғып тұрсың? Барсаңшы енді...» деді. Күйеуінің де көзінен ыстық тамшы пытырадай ытқыды... «Иә, күнім, жаным, мен... мен қазір...» деп есікке қарай ұмтыла берді... Осы сәт Алланың да ақ жарығы, күннің сәулесі әйнектен сығалай, сыналай құлап, үйдің ішін самала нұрға бөлеген.

Мұнайдар БАЛМОЛДА.

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

Қарт ананың көз жасы...

Жолға шыққан бетім. Пойыздың қолайлы вагондарына билет болмаған соң, жалпы вагонға мінген едім. Адам дегенің лық толы. Ине шаншар жер жоқ. Іші қапырық. Ерте кіргендер орын алып үлгерген. Пойыз қозғалды. Әйтеуір итшілеп жүріп бір орынға жайғастым. Сәлден соң артқы жағымдағы орындардан айқай-шу естіле бастады. Не болып қалды екен деп сұрап едік, сөйтсек, қазақтың бір әйелі бала-шағасы, қайын атасымен бірге мінген екен. Отырған адамдарға тұрыңдар, бұл біздің орын деп айқайға басты. Ондай айқайды естімеген қара басым шошымасым бар ма?! Қол-аяғым дірілдеп, тап маған ұрсып жатқандай, біртүрлі күйге түстім. Білсек, бұл кісілер жалпы вагонға бірінші рет мінуі екен. Әлгі әйел қолындағы билетті көрсетіп, орнын даулап, дауысын одан сайын күшейте түсті. Әйтеуір дауласып жүріп орындарына жайғасты-ау. Енді құлақ тынышталды. Қол-аяғым дірілдеуін қойды. Пойыздың жылдамық ырғағы бір қалыпқа, көңілім де сабасына түскен.

Айналама жай ғана көз салып отырғанымда, оң жағымдағы бұрыштан бір әжені көзім шалды. Байқаймын, бейтаныс әженің жүзінен беймаза, әлдебір алаң күйді, бір мүсәпірлікті сездім. Ол кісіге қарап өзімнің марқұм анамды ұқсатқандай болдым. Жанымның ауырғаны соншалықты, шыдай алмай, қарама-қарсы отырған студенттерге қарт кісімен орын алмастыруын сұрадым. Жастар орын берді. Бір таңқалғаным, әлгі кісінің аяғы ауырса да ләммим демей, міз бақпауында еді.

– Аяғыңызды созып, жайланып отырыңыз, – дедім. Сәлден соң шөлдеді ме, жаңағы кісі менің суымды алып іше бастады. Су бітті. Ары қарай көзі ілініп кетті. Шамалыдан соң оянды. Су іздеп отырғаны көрініп-ақ тұр. Пойыздың іші сол күйі – қапырық. Немерем деп меңзеген қаршадай студент қыз әжесіне қарамақ тұрмақ түгіл, өзін әзер сүйреп жүргендей көрінді. Суын, шайын бере ме деп ем, ол да жоқ. Шыдай алмай жолсерікке барып, кесемен ыстық су әкеп, өзімнің жолға алған шайым мен бір жұмсақтау кексімді сол кісіге бердім. Шайын ішіп болған соң, маған бір қарады да, өзінің ақ батасын берді. Содан, шай ішіп отырған апамды ептеп әңгімеге тарттым. Ол кісі де кетәрі емес, әңгімелесетін адам таппай отыр едім деп бір күліп қойды.

– Балам, негізінде мен қаралуға осы қалаға келіп едім. Бір қағаздар дұрыс болмай қайыра жіберді. Көзім нашар көреді. Соған тек көзілдірік қана жазып берді.

– Көзіңіздің ауруы қайдан пайда болды? деп сұрап едім, менің бұл сұрағымды іші сезіп отырғандай:

– Жылағаннан, балам... – деп жауап қатты. Даусында бір діріл бар. – Құрсағым 14 бала көтерді. Соның 9-ы өлді. Қалған 4 қыз, 1 ұлым тірі. Отағасы қайтыс болған. Е-е-қызымай, сол тоғыз баламның күйігінен жылай-жылай, ұзақ жылдар көз жасым көл де болды, құрғап та тынды. Тоғызының өлімі тоғыз түрлі қасірет. Бірі енді қаз-қаз басқанда шешектен кетті. Енді бірі беске толғанда ат теуіп өлді. Енді бірі жетіге келгенде жылан шағып алды. Зіңгіттей жігіт болар шақта ортаншым аяқ астынан жол апатынан көз жұмды. Тұлымшағы желбіреген аяулы қызымды бұзақылар қорлап өлтірді. Рақат өмірді енді көремін бе отырғанда бір сұмдыққа ұшырай бердік. Көкірегім қарс айырылып, жылай-жылай жылдар өтіп кетті. Көзім көруден қалды. Енді ойласам көз жасқа ерік берудің керегі жоқ екен. Бұл да бір Алланың жіберген сынағы деп сабырлы болуды, сергек те төзімді болуды үйрену керек екен, қарағым. Тірі адамның тіршілігі қымбат. Осы есіңде болсын, қызым, – деді де үнсіз қалды.

Жұлдыз ШӘРІП.

Апталық телебағдарлама

маусымның 18-нен 24-не дейін

18 маусым, дүйсенбі

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Сенбілік таң. 7.00 Таңшолпан. 10.00 Hit Qazaqstan. 11.00 Апта. 12.05 Т.х. "Іңкәр жүрек". 13.00 Ақпарат. 13.15 Футбол. ӘЧ шолуы. 13.50 Көңіл толқыны. 14.20 Т.х. "Қара шаңырақ". 17.00 Ақпарат. 17.15 Елден хабар. 17.35 Менің Қазақстаным. 18.10 Көңіл толқыны. 18.55 Т.х. "Қуанышым менің". 20.00 Ақпарат. 20.35 Футбол. ӘЧ. 20.50 ӘЧ. Бельгия – Панама. 23.50 ӘЧ. Тунис – Англия.

ХАБАР

7.00 Хабарлайын. 7.30 Тур де Хабар. 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Тайны. Судьбы. Имена. 9.00 Новости. 9.15 Көрімдік. 9.45 Т.х. "Сүрбойдақ". 10.15 Алтын бесік. 10.45 Мечты сбываются. 11.10 Ана мен бала. 12.00 Новости. 12.10 Біздің назарда. 12.25 Т.х. "Бақытыма сенемін". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 Т.с. "Подкидыши". 15.00 20 фактов об Астане. 15.30 "Сүрбойдақ". 16.00 Т.х. "Пәленшеевтер". 16.30 Сана. 17.15 Ана мен бала. 18.00 Давайте говорить! 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Бетпе-бет. 20.00 Арнайы хабар. 20.30 Бюро расследований. 21.00 Итоги дня. 21.30 Болашаққа бағдар. 22.20 Т.с "Черный список". 23.15 "Тағдыр тартысы". 23.45 Жаңалықтар. 0.15 Т.с. "Вишневый сезон".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Арта-Aqparat. 10.05 Т.х. "Ана". 11.05 Дела житейские. 12.00 ТілекTime. 13.00 Aqparat. 13.40 Топжарған. 14.00 Т.х. "Мәңгілік махаббат". 16.00 Т.х. "Бапкер". 17.05 М.с. 17.35 Д.с. "Сіз білесіз бе?". 18.00 Aqparat. 18.20 Елбесік. 18.40 Aqparat. 19.00 Первая студия. 19.30 Т.х. "Қайта оралған таңдарым". 20.30 Aqparat. 21.10 Герой нашего времени. 21.30 Aqparat. 22.00 ТілекTime. 23.00 "Ана". 0.00 Aqparat.

АСТАНА

6.00 Біздің ауыл. 6.30 Kaznet. 9.15 Избранное за неделю. 10.00 Т.х. "Жетер!". 11.00 Т.х. "Зехра". 12.10 Т.х. "Абысындар". 13.40 Біздің уақыт. 14.20 #NurOtanTrends. 15.00 Т.с. "Дом с лилиями". 17.30 М.ф. 18.00 Келіндер. 18.50 "Зехра". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Жетер!". 22.00 "Абысындар". 23.40 "Үзілмеген үміт". 0.40 Жаңалықтар. 1.10 Новости.

НТК

7.05 М.х. 7.20 Т.х. "Қалқан" ұйымының агенттері". 8.50 Екі езу. 9.10 Ревю. 9.30 Т.с. "Чоп". 10.00 Т.с. "Физрук". 10.30 Битва экстрасенсов. 12.00 Ревю. 12.30 Х.ф. "И целого мира мало". 15.00 М.с. 15.20 Байқа, балақай! 16.00 Ревю. 16.20 Американың ең күлкілі видеосы. 17.10 Тек күлкі үшін. 18.15 Екі езу. 18.40 Т.х. "Қағаз кеме". 19.10 Ревю. 19.50 "Физрук". 20.30 Битва экстрасенсов. 22.00 Однажды в России. 22.20 "Қағаз кеме". 23.00 Тек күлкі үшін. 0.00 Х.ф. "Крепкий орешек 3: Возмездие".

7 АРНА

6.00 Қыздар арасында. 6.45 Қуырдақ. 7.00 Айнаонлайн. 7.30 Т.х. "Элиф". 9.00 Т.с. "H2O: Просто добавь воды". 10.00 Т.с. "Приговор идеальной пары". 11.00 М.ф. 12.40 Сурботний вечер. 15.00 Концерт. 17.10 Т.х. "Ауылдастар 2". 18.20 Япырай. 19.10 "Элиф". 20.10 "Тағдырым шешілген күн". 21.10 Т.х. "Жаңа келін". 22.00 Т.с. "Мажор". 23.10 Т.с. "Русская наследница". 0.10 Х.ф. "Плохие парни".

31 АРНА

6.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 7.00 Информбюро. 8.00 Т.х. "Жанымда қал". 9.00 Т.х. "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 Готовим с Адель. 11.30 Ералаш. 13.10 М.ф. "Angry birds в кино". 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 18.00 Орел и решка. 19.00 Т.с. "Кухня". 20.00 Информбюро. 21.00. What`s Up? 22.00 Т.х. "Фазилет ханым". 0.00 Т.х. "Ертугрул 2". 1.50 Т.с. "Воронины".

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН Подробности. 9.40 Почемучки. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Ән салайық. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 Т.х. "Әке серті". 14.00 ПроАгро. 14.30 "7 передача". 15.10 Ән салайық. 16.00 Жаңалықтар. 16.30 Өмір тынысы. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Қазақстан байтақ өлке. 20.00 РТН. 20.30 Дело №. 20.50 Торговый дом. 21.10 "Әке серті". 22.00 РТН. 22.30 Baby Гид. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

8.00 Доброе утро. 11.00 Поле чудес. 12.00 Қалаулым. 15.00 Т.с. "Гурзуф". 16.55 Аффтар жжот. 18.00 Пендеміз ғой. 19.00 Жаңалықтар. 20.00 Новости. 20.45 Т.с. "Круговорот". 22.35 П@ytina. 23.25 "Круговорот". 1.50 Мужское/Женское.

КТК

7.05 Көңілді отбасы. 7.50 Т.х. "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.30 Т.с. "Отважный и красавица". 12.40 Х.ф. "Счастливого пути". 15.00 Кел, келінім. 18.00 Т.х. "Женнеттің көз жасы". 19.30 Әйел қырық шырақты. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.30 Т.с. "Жемчуга". 0.00 Т.с. "Паутина". 1.30 Было дело.

19 маусым сейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан. 10.00 Hit Qazaqstan. 11.00 М.х. 11.15 Қызық екен... 12.00 "Іңкәр жүрек". 13.00 Ақпарат. 13.30 Көңіл толқыны. 14.20 "Қара шаңырақ". 17.00 Ақпарат. 17.15 Елден хабар. 17.35 Табыс сыры. 17.55 "Баланың көңілі". 18.10 Қызық екен... 18.55 "Қуанышым менің". 20.00 Ақпарат. 20.35 Футбол. ӘЧ. 20.50 ӘЧ. Польша – Сенегал. 23.00 Түнгі студия. 23.35 Футбол. ӘЧ. 23.50 ӘЧ. Ресей – Египет.

ХАБАР

7.00 Хабарлайын. 7.30 Тур де Хабар. 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Таңғы хабар. 9.00 Новости. 9.10 "Тығырық". 10.00 "Сүрбойдақ". 11.00 20 фактов об Астане. 11.10 Ана мен бала. 12.00 Новости. 12.10 Біздің назарда. 12.30 Арнайы хабар. 13.00 Жаңалықтар. 13.10 "Подкидыши". 14.50 "Спасаем жизни". 15.20 "Менің тағдырым". 15.45 "Сүрбойдақ". 16.10 Д.ф. "Досмұқасан – Ұлт өнерін заманмен үндестірген". 17.15 Ана мен бала. 18.00 Давайте говорить! 19.00 Жаңалықтар. 19.30 "Бақытыма сенемін". 20.05 "Тығырық". 21.00 Итоги дня. 21.30 Т.х. "Тайталас". 22.15 "Черный список". 23.05 "Тағдыр тартысы". 23.35 Жаңалықтар. 0.05 "Вишневый сезон".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Aqparat. 10.05 "Ана". 11.05 Ақ орамал. 12.00 ТілекTime. 13.00 Aqparat. 13.40 Сарбаз. 14.00 "Мәңгілік махаббат". 16.00 Т.х. "Алдар Көсе". 17.05 М.с. 17.35 "Сіз білесіз бе?". 18.00 Aqparat. 18.20 Регион 10. 18.40 Aqparat. 19.00 Первая студия. 19.30 "Қайта оралған таңдарым". 20.30 Aqparat. 21.10 Акцент. 21.30 Aqparat. 22.00 ТілекTime. 23.00 "Ана". 0.00 Aqparat.

АСТАНА

6.00 Kaznet. 6.30 Жаңалықтар. 7.30 Біздің ауыл. 8.00 М.ф. 10.00 "Жетер!". 11.00 "Зехра". 12.10 "Абысындар". 14.20 Profinance. Web. 15.00 "Дом с лилиями". 17.30 М.ф. 18.00 Келіндер. 18.50 "Зехра". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Жетер!". 22.00 "Абысындар". 23.40 "Үзілмеген үміт". 0.40 Жаңалықтар. 1.10 Новости.

НТК

7.05 М.х. 7.20 "Қалқан" ұйымының агенттері". 8.50 Екі езу. 9.10 Ревю. 9.30 "Чоп". 10.00 "Физрук". 10.30 Битва экстрасенсов. 12.00 Однажды в России. 13.00 Ревю. 13.30 М.с. 15.10 Байқа, балақай! 15.35 Бүлдір-күлдір. 16.20 Американың ең күлкілі видеосы. 17.10 Тек күлкі үшін. 18.15 Екі езу. 18.40 "Қағаз кеме". 19.10 Ревю. 19.50 "Физрук". 20.30 Битва экстрасенсов. 22.00 Однажды в России. 22.20 "Қағаз кеме". 23.00 Тек күлкі үшін. 0.00 Х.ф. "Крепкий орешек 4".

7 АРНА

6.00 Өз ойым. 7.00 "Жаңа келін". 8.00 "Элиф". 9.00 "H2O: Просто добавь воды". 10.00 "Приговор идеальной пары". 11.10 "Мажор". 12.20 "Русская наследница". 13.20 Концерт Д.Билана. 15.00 Өз ойым. 16.30 Q-елі. 17.10 "Ауылдастар 2". 18.20 Шаншар. 19.10 "Элиф". 20.10 "Тағдырым шешілген күн". 21.10 "Жаңа келін". 22.00 "Мажор". 23.10 "Русская наследница". 0.10 Х.ф. "Эффект колибри".

31 АРНА

6.00 Ризамын. 7.00 Информбюро. 8.00 "Жанымда қал". 9.00 "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 М.с. 12.00 Ералаш. 13.00 Орел и решка. 14.00 "Кухня". 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 18.00 Орел и решка. 19.00 "Кухня". 20.00 Информбюро. 21.00. What`s Up? 22.00 "Фазилет ханым". 0.00 "Ертугрул 2". 1.50 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 Baby Гид. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Ән салайық. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Әке серті". 14.10 Рухани жаңарту. 15.00 Территория происшествий. 15.10 Ән салайық. 16.00 Жаңалықтар. 16.30 Қазақстан байтақ өлке. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Герои рядом. 20.00 РТН. 20.30 Красота – Light. 21.00 "Әке серті". 22.00 РТН. 22.30 В ладу с природой. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

8.00 Доброе утро. 11.00 Т.с. "По законам военного времени". 12.00 Қалаулым. 15.00 "Гурзуф". 16.55 Аффтар жжот. 18.00 Кеш қалмайық. 19.00 Жаңалықтар. 20.00 Новости. 20.45 Т.с. "Верни мою любовь". 22.35 П@ytina. 23.25 "Верни мою любовь". 1.50 Мужское/Женское.

КТК

7.05 Жаңалықтар. 7.30 "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.30 "Отважный и красавица". 12.30 Новости. 13.00 "Паутина". 15.00 Кел, келінім. 18.00 "Женнеттің көз жасы". 19.30 Әйел қырық шырақты. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.30 "Жемчуга". 0.00 "Паутина". 1.30 Было дело.

20 маусым, сәрсенбі

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан. 10.00 Hit Qazaqstan. 11.00 М.х. 11.15 Қызық екен... 12.00 "Іңкәр жүрек". 13.00 Ақпарат. 13.30 Көңіл толқыны. 14.20 "Қара шаңырақ". 17.00 Ақпарат. 17.15 Елден хабар. 17.35 Шипагер. 18.10 Қызық екен... 18.55 "Қуанышым менің". 20.00 Ақпарат. 20.35 Футбол. ӘЧ. 20.50 ӘЧ. Уругвай – Сауд Арабиясы. 23.00 Түнгі студия. 23.35 Футбол. ӘЧ. 23.50 ӘЧ. Иран – Испания.

ХАБАР

7.00 Хабарлайын. 7.30 Тур де Хабар. 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Таңғы хабар. 9.00 Новости. 9.10 "Тығырық". 10.00 "Сүрбойдақ". 10.35 Спасаем жизни. 11.10 Ана мен бала. 12.00 Новости. 12.10 Білу маңызды. 12.25 "Бақытыма сенемін". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 "Подкидыши". 15.00 Рожденные вдохновлять. 15.45 "Сүрбойдақ". 16.15 "Тайталас". 17.15 Ана мен бала. 18.00 Давайте говорить! 19.00 Жаңалықтар. 19.30 "Бақытыма сенемін". 20.05 "Тығырық". 21.00 Итоги дня. 21.30 "Тайталас". 22.15 "Черный список". 23.05 "Тағдыр тартысы". 23.35 Жаңалықтар. 0.05 "Вишневый сезон".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Aqparat. 10.05 "Ана". 11.05 Ел мүддесі. 12.00 ТілекTime. 13.00 Aqparat. 13.40 Журналист меняет профессию. 14.00 "Мәңгілік махаббат". 16.00 "Алдар Көсе". 17.05 М.с. 17.35 "Сіз білесіз бе?". 18.00 Aqparat. 18.20 Жаназық. 19.00 Первая студия. 19.30 "Қайта оралған таңдарым". 20.30 Aqparat. 21.10 Блогер. 21.30 Aqparat. 22.05 ТілекTime. 23.00 "Ана". 0.00 Aqparat.

АСТАНА

6.00 Kaznet. 6.30 Жаңалықтар. 7.30 Біздің ауыл. 8.00 М.ф. 10.00 "Жетер!". 11.00 "Зехра". 12.10 "Абысындар". 14.20 Profinance. Web. 15.00 "Дом с лилиями". 17.30 М.ф. 18.00 Келіндер. 18.50 "Зехра". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Жетер!". 22.00 "Абысындар". 23.40 "Үзілмеген үміт". 0.40 Жаңалықтар. 1.10 Новости.

НТК

7.05 М.х. 7.20 "Қалқан" ұйымының агенттері". 8.50 Екі езу. 9.10 Ревю. 9.30 "Чоп". 10.00 "Физрук". 10.30 Битва экстрасенсов. 12.00 Однажды в России. 13.00 Ревю. 13.30 М.с. 15.10 Байқа, балақай! 15.35 Бүлдір-күлдір. 16.20 Американың ең күлкілі видеосы. 17.10 Тек күлкі үшін. 18.15 Екі езу. 18.40 "Қағаз кеме". 19.10 Ревю. 19.50 "Физрук". 20.30 Битва экстрасенсов. 22.00 Однажды в России. 22.20 Т.с. "Метод "Орыstar". 22.50 Тек күлкі үшін. 0.00 Х.ф. "Зараженная".

7 АРНА

6.00 Өз ойым. 7.00 "Жаңа келін". 8.00 "Элиф". 9.00 "H2O: Просто добавь воды". 10.00 "Приговор идеальной пары". 11.10 "Мажор". 12.20 "Русская наследница". 13.20 Смеяться разрешается. 15.00 Өз ойым. 16.30 Q-елі. 17.10 "Ауылдастар 2". 18.20 Шаншар. 19.10 "Элиф". 20.10 "Тағдырым шешілген күн". 21.10 "Жаңа келін". 22.00 "Мажор". 23.10 "Русская наследница". 0.10 "Секретные материалы".

31 АРНА

6.00 Ризамын. 7.00 Информбюро. 8.00 "Жанымда қал". 9.00 "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 М.с. 12.00 Ералаш. 13.00 Орел и решка. 14.00 "Кухня". 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 17.45 Лотерея LOTO 6/49. 18.00 Орел и решка. 19.00 "Кухня". 20.00 Информбюро. 21.00. What`s Up? 22.00 "Фазилет ханым". 0.00 "Ертугрул 2". 1.50 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 В ладу с природой. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Ән салайық. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Әке серті". 14.00 Красота – Light. 14.30 Baby Гид. 15.00 Территория происшествий. 15.10 Ән салайық. 16.00 Жаңалықтар. 16.30 Жүрек тынысы. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Қылмыстық іс №. 20.00 РТН. 20.30 7 передача. 21.00 "Әке серті". 22.00 РТН. 22.30 Герои рядом. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

8.00 Доброе утро. 11.00 "По законам военного времени". 12.00 Қалаулым. 15.00 "Гурзуф". 16.55 Аффтар жжот. 18.00 Пендеміз ғой. 19.00 Жаңалықтар. 20.00 Новости. 20.45 "Верни мою любовь". 22.35 П@ytina. 23.25 "Верни мою любовь". 1.50 Мужское/Женское.

КТК

7.05 Жаңалықтар. 7.30 "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.30 "Отважный и красавица". 12.25 Новости. 13.00 "Паутина". 15.00 Кел, келінім. 18.00 "Женнеттің көз жасы". 19.30 Әйел қырық шырақты. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.30 "Жемчуга". 0.00 "Паутина". 1.30 Было дело.

21 маусым, бейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан. 10.00 Hit Qazaqstan. 11.00 М.х. 11.15 Қызық екен... 12.00 "Іңкәр жүрек". 13.00 Ақпарат. 13.35 Көңіл толқыны. 14.20 "Қара шаңырақ". 17.00 Ақпарат. 17.15 Елден хабар. 17.35 Келбет. 18.05 Қызық екен... 18.55 "Қуанышым менің". 20.00 Ақпарат. 20.35 Футбол. ӘЧ. 20.50 ӘЧ. Франция – Перу. 23.00 Түнгі студия. 23.35 Футбол. ӘЧ. 23.50 ӘЧ. Аргентина – Хорватия.

ХАБАР

7.00 Хабарлайын. 7.30 Тур де Хабар. 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Таңғы хабар. 9.00 Новости. 9.10 "Тығырық". 10.00 "Сүрбойдақ". 10.35 Рожденные вдохновлять. 11.15 Ана мен бала. 12.00 Новости. 12.10 Білу маңызды. 12.25 "Бақытыма сенемін". 13.00 Жаңалықтар. 13.10 "Подкидыши". 14.50 Символы нашей Родины. 15.20 "Менің тағдырым". 15.50 "Сүрбойдақ". 16.20 "Тайталас". 17.15 Ана мен бала. 18.00 Давайте говорить! 19.00 Жаңалықтар. 19.30 "Бақытыма сенемін". 20.05 "Тығырық". 21.00 Итоги дня. 21.30 "Тайталас". 22.15 "Черный список". 23.35 "Тағдыр тартысы". 0.00 Жаңалықтар. 0.30 "Вишневый сезон".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Aqparat. 10.05 "Ана". 11.10 Регион 10. 11.30 Бірінші студия. 12.00 ТілекTime. 13.00 Aqparat. 13.40 Радуга. 14.00 "Мәңгілік махаббат". 16.00 "Алдар Көсе". 17.05 М.с. 17.35 "Сіз білесіз бе?". 18.00 Aqparat. 18.20 Акцент. 18.40 Aqparat. 19.00 Первая студия. 19.30 "Қайта оралған таңдарым". 20.30 Aqparat. 21.10 Д.ф. 21.30 Aqparat. 22.05 ТілекTime. 23.00 "Ана". 0.00 Aqparat.

АСТАНА

6.00 Kaznet. 6.30 Жаңалықтар. 7.30 Біздің ауыл. 8.00 М.ф. 10.00 "Жетер!". 11.00 "Зехра". 12.10 "Абысындар". 14.25 Profinance. Web. 14.40 Мамина школа. 15.00 "Дом с лилиями". 17.30 М.ф. 18.00 Келіндер. 18.50 "Зехра". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Жетер!". 22.00 "Абысындар". 23.40 "Үзілмеген үміт". 0.40 Жаңалықтар. 1.10 Новости.

НТК

7.05 М.х. 7.20 "Қалқан" ұйымының агенттері". 8.50 Екі езу. 9.10 Ревю. 9.30 "Чоп". 10.00 "Физрук". 10.30 Битва экстрасенсов. 12.00 Однажды в России. 13.00 Ревю. 13.30 М.с. 15.10 Байқа, балақай! 15.35 Бүлдір-күлдір. 16.20 "Метод "Орыstar". 16.50 Американың ең күлкілі видеосы. 17.40 Тек күлкі үшін. 18.50 Екі езу. 19.10 Ревю. 19.50 "Физрук". 20.30 Битва экстрасенсов. 22.00 Однажды в России. 22.20 "Метод "Орыstar". 22.50 Тек күлкі үшін. 0.00 Х.ф. "Женщина в черном 2: Ангел смерти".

7 АРНА

6.00 Өз ойым. 7.00 "Жаңа келін". 8.00 "Элиф". 9.00 "H2O: Просто добавь воды". 10.00 "Приговор идеальной пары". 11.00 "Мажор". 12.20 "Русская наследница". 13.20 Смеяться разрешается. 15.00 Өз ойым. 16.30 Q-елі. 17.10 "Ауылдастар 2". 18.20 Шаншар. 19.10 "Элиф". 20.10 "Тағдырым шешілген күн". 21.10 "Жаңа келін". 22.00 "Мажор". 23.10 "Русская наследница". 0.00 The Эфир.

31 АРНА

6.00 Ризамын. 7.00 Информбюро. 8.00 "Жанымда қал". 9.00 "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 М.с. 12.00 Ералаш. 13.00 Орел и решка. 14.00 "Кухня". 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 18.00 Орел и решка. 19.00 "Кухня". 20.00 Информбюро. 21.00. What`s Up? 22.00 "Фазилет ханым". 0.00 "Ертугрул 2". 1.50 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 Красота – Light. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Ән салайық. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 "Әке серті". 14.00 Baby Гид. 14.20 Қылмыстық іс №. 15.00 Территория происшествий. 15.10 Ән салайық. 16.30 Бұл менің өмірім. 17.00 Көкейтесті сұхбат. 17.30 Ән салайық. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Маленькие путешествия по большому краю. 20.00 РТН. 20.30 ПроАгро. 21.00 "Әке серті". 22.00 РТН. 22.30 7 передача. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

8.00 Доброе утро. 11.00 "По законам военного времени". 12.00 Қалаулым. 15.00 "Гурзуф". 16.55 Аффтар жжот. 18.00 Кешкі кездесу. 19.00 Жаңалықтар. 20.00 Новости. 20.45 "Верни мою любовь". 22.35 П@ytina. 23.25 "Верни мою любовь". 1.50 Мужское/Женское.

КТК

7.05 Жаңалықтар. 7.30 "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.30 "Отважный и красавица". 12.25 Новости. 13.00 "Паутина". 15.00 Кел, келінім. 18.00 "Женнеттің көз жасы". 19.30 Әйел қырық шырақты. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.30 "Жемчуга". 0.00 "Паутина". 1.30 Было дело.

22 маусым, жұма

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан. 10.00 Hit Qazaqstan. 11.00 М.ф. 11.15 Қызық екен... 12.00 "Іңкәр жүрек". 13.00 Ақпарат. 13.15 ӘЧ шолуы. 13.35 Астанаға 20 жыл. 14.00 Көңіл толқыны. 14.20 "Қара шаңырақ". 17.00 Ақпарат. 17.35 "Қазақ" газетінің 105 жылдығы. 17.55 Көңіл толқыны. 18.10 Қызық екен... 18.55 "Қуанышым менің". 20.00 Ақпарат. 20.35 Футбол. ӘЧ. 20.50 ӘЧ. Нигерия – Исландия. 23.00 Парасат майданы. 23.50 ӘЧ. Сербия – Швейцария. 2.00 Ақпарат.

ХАБАР

7.00 Хабарлайын. 7.30 Тур де Хабар. 8.00 Жаңалықтар. 8.10 Таңғы хабар. 9.00 Новости. 9.10 "Тығырық". 10.00 "Сүрбойдақ". 10.35 Символы нашей Родины. 11.25 Сана. 12.00 Новости. 12.10 Біздің назарда. 12.25 "Бақытыма сенемін". 13.10 "Подкидыши". 14.50 Алтын бесік. 15.50 "Сүрбойдақ". 16.20 "Тайталас". 17.15 Золотая середина. 18.00 Тарих. Тағдыр. Тұлға. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 "Бақытыма сенемін". 20.05 "Тығырық". 21.00 Итоги дня. 21.30 Н.Керменбаевтың шығармашылық кеші. 23.30 "Тағдыр тартысы". 0.00 Жаңалықтар. 0.30 "Вишневый сезон".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

7.00 Тобыл таңы. 9.00 Aqparat. 10.05 "Ана". 11.10 Күншуақ. 11.30 Первая студия. 12.00 ТілекTime. 13.00 Aqparat. 13.40 М.с. 14.00 "Мәңгілік махаббат". 16.00 "Алдар Көсе". 17.05 М.с. 17.35 "Сіз білесіз бе?". 18.00 Aqparat. 18.20 Портрет. 18.40 Aqparat. 19.00 Первая студия. 19.30 "Қайта оралған таңдарым". 20.30 Aqparat. 21.10 Алтын қор. 21.30 Aqparat. 22.05 ТілекTime. 23.00 В пятницу вечером. 0.00 Aqparat.

АСТАНА

6.00 Kaznet. 6.30 Жаңалықтар. 7.30 Біздің ауыл. 8.00 М.ф. 9.40 Мамина школа. 10.00 "Жетер!". 11.00 "Зехра". 12.10 "Абысындар". 14.35 Profinance. Web. 15.00 "Дом с лилиями". 17.30 М.ф. 18.00 Келіндер. 18.50 "Зехра". 20.00 Жаңалықтар. 20.30 "20:30". 21.00 "Жетер!". 22.00 "Абысындар". 23.45 Полиция күніне арналған арнайы жоба. 0.00 Жаңалықтар. 0.30 Новости.

НТК

7.05 М.х. 7.20 "Қалқан" ұйымының агенттері". 8.50 Екі езу. 9.10 Ревю. 9.30 Такси. 10.00 "Физрук". 11.00 Х.ф. "Спайдервик: Хроники". 12.40 М.ф. "Дорога на Эльдорадо". 15.10 Байқа, балақай! 16.00 Ревю. 16.20 "Метод "Орыstar". 16.50 Американың ең күлкілі видеосы. 17.40 Тек күлкі үшін. 18.50 Екі езу. 19.10 Ревю. 19.50 "Физрук". 20.30 Comedy women. 21.30 Однажды в России. 22.20 Караоке-такси. 22.50 "Метод "Орыstar". 23.20 Тек күлкі үшін. 0.00 Х.ф. "Индиана Джонс и королевство хрустального черепа".

7 АРНА

6.00 Өз ойым. 7.00 "Жаңа келін". 8.00 "Элиф". 9.00 "Н2О: Просто добавь воды". 10.00 Q-елі. 11.00 "Мажор". 12.10 "Русская наследница". 13.20 Измайловский парк. 15.00 Өз ойым. 16.30 Q-елі. 17.10 "Ауылдастар". 18.20 Шаншар. 19.10 "Элиф". 21.10 Х.ф. "Заблудившийся". 23.10 Х.ф. "Обитель зла 3". 1.0 Х.ф. "Уличные танцы 2".

31 АРНА

6.00 Ризамын. 7.00 Информбюро. 8.00 "Жанымда қал". 9.00 "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 М.с. 12.00 Ералаш. 13.00 М.ф. "Тайна Красной планеты". 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 18.00 Айта берсін. 19.00 What`s Up? 20.00 Информбюро. 21.00 Х.ф. "Крид: Наследие Рокки". 0.00 What`s Up? 0.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

АЛАУ

7.00 Разбудильник. 9.00 РТН. 9.30 ПроАгро. 10.00 Жаңалықтар. 10.30 Ән салайық. 11.00 Өмір ағымы. 13.00 Время Шелкового пути. 13.30 Неизведанный Казахстан. 14.00 В ладу с природой. 14.40 Красота – Light. 15.00 Территория происшествий. 15.10 Ән салайық. 16.00 Жаңалықтар. 16.30 Қазақстан байтақ өлке. 18.00 Өмір ағымы. 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Өмір тынысы. 20.00 РТН. 20.30 7 передача. 21.00 Почемучки. 21.30 Неизведанный Казахстан. 22.00 РТН. 22.30 Маленькие путешествия по большому краю. 23.00 Өмір ағымы. 0.00 Панорама дня.

ЕВРАЗИЯ

8.00 Доброе утро. 11.00 "По законам военного времени". 12.00 Қалаулым. 15.00 Х.ф. "Каждому свое". 16.50 Жди меня. 18.00 Заң сөйлесін. 19.00 Жаңалықтар. 20.00 Новости. 20.50 Поле чудес. 22.00 Т.с. "Черные бушлаты". 23.00 П@ytina. 23.50 "Черные бушлаты".

КТК

7.05 Жаңалықтар. 7.30 "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.30 "Отважный и красавица". 12.25 Новости. 13.00 "Паутина". 15.00 Кел, келінім. 18.00 "Женнеттің көз жасы". 19.30 Әйел қырық шырақты. 20.30 Жаңалықтар. 21.00 Новости. 21.30 Х.ф. "Танцы марионеток". 1.20 Было дело.

23 маусым, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.40 Т.х. "Айналайын". 8.50 Дара жол. 10.00 Сенбілік таң. 11.00 Шипагер. 11.25 Hit Qazaqstan. 12.45 ӘЧ шолуы. 13.05 Әзіл әлемі. 14.45 М.ф. "Жұлдызды төбет". 16.10 Т.х. "Әке". 18.00 Жайдарман. 20.00 Мәселе. 20.35 Футбол. ӘЧ. 20.50 ӘЧ. Ө.Корея – Мексика. 23.00 Сенбілік шоу. 23.35 Футбол. ӘЧ. 23.50 ӘЧ. Германия – Швеция.

ХАБАР

7.00 Қалжың қоржыны. 8.30 Әсем әуен. 9.30 Өзін-өзі тану. 9.40 М.с. 11.15 Джио научит. 11.45 Д.ф. "Досмұқасан – Ұлт өнерін заманмен үндестірген". 12.30 Т.х. "Ақылдың кілті. Өмірдастан". 14.10 Тарих. Тағдыр. Тұлға. 15.00 Х.ф. "Энни". 17.00 Жұлдызды жекпе-жек 2. 18.30 Қызық times. 19.15 Кім мықты? 20.15 Кто возьмет миллион? 21.00 7 күн. 22.00 Х.ф. "Люди в черном 3". 23.35 "Ақылдың кілті. Өмірдастан". 1.05 Т.х. "Жігіттер хикаясы".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Aqparat. 8.30 М.с. 9.00 Aqparat. 9.40 К.ф. "Сәнқой ана". 12.00 В пятницу вечером. 13.00 Блогер. 13.20 Әуендер әлемі. 13.40 М.ф. 14.00 К.ф. "Туған жер". 15.30 П.Тұрарованың концерті. 17.00 Т.х. "Бауыржан Момышұлы". 18.00 Ұлттық шоу. 18.40 Т.х. "Қазақ елі". 19.30 Жаназық. 20.00 Дела житейские. 21.00 Apta aqparat. 21.30 Менің монологым. 22.00 Сазды сәлем. 22.25 К.ф. "Махаббат пен би".

АСТАНА

6.00 Концерт. 7.30 М.ф. 9.30 Tengeland. 10.00 "Жетер!". 11.00 "Зехра". 12.40 Е.Әбдіхалықованың шығармашылық кеші. 14.50 М.ф. 15.40 Х.ф. "Златовласка". 17.00 М.ф. "Упс... Ной уплыл!". 18.50 "Зехра". 20.00 Біздің уақыт. 21.10 "Жетер!". 22.00 Ел аузында. 22.40 К.ф. "Бір сен үшін...". 0.40 Муз. фестиваль "Жара".

НТК

7.05 М.ф. "Құмырсқа Антц". 8.15 "Жаным 2". 9.20 Караоке-такси. 9.50 М.с. 10.00 Х.ф. "Спайдервик: Хроники". 11.40 М.с. 12.30 Байқа, балақай! 13.20 Жұлдыздар шеруі. 14.10 Екі езу. 14.30 М.с. 15.00 Х.ф. "Индиана Джонс и королевство хрустального черепа". 16.00 М.ф. "Сезон охоты". 17.30 Такси. 18.00 Д.ф. "Жануарлар". 19.50 Екі езу. 20.30 Тек күлкі үшін. 21.00 Х.ф. "Пираты Карибского моря: На странных берегах". 23.50 Х.ф. "Экипаж". 2.00 Екі езу.

7 АРНА

6.00 Қыздар арасында. 7.00 Куырдак. 8.00 Концерт С.Майгазиева. 9.00 "Н2О: Просто добавь воды". 9.30 Х.ф. "Уличные танцы 2". 11.20 Х.ф. "Платон". 13.00 Х.ф. "Заблудившийся". 15.30 "Жаңа келін". 17.30 Концерт. 20.30 Япырай. 21.00 Субботний вечер. 22.50 Х.ф. "Плохие парни 2". 1.30 The Spirit of Tengri.

31 АРНА

6.00 Ризамын. 7.00 Информбюро. 8.00 What`s Up? 9.00 М.с. 10.00 Готовим с Адель. 10.30 М.ф. "Тайна Красной планеты". 12.30 Фартовые деньги. 13.10 К.ф. "До+Фа". 15.40 What`s Up? 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 Х.ф. "Хоббит: Нежданное путешествие". 19.50 Х.ф. "Громобой". 21.50 Концерт. 1.30 Х.ф. "Достопочтенный джентльмен".

АЛАУ

6.30 М.Мақатаевтың рухына арналған кеш. 8.30 Жаңалықтар. 9.00 РТН. 9.30 В ладу с природой. 9.50 Почемучки. 10.00 Г.Тергеубекованың ән кеші. 11.00 Время Шелкового пути. 11.30 Рухани жаңарту. 12.00 Творческое представление ARTiKO. 12.40 Неизведанный Казахстан. 14.00 Б.Қажымұқанов пен С.Жолбарыс ән кеші. 15.30 Герои рядом. 16.00 ПроАгро. 16.30 Өмір тынысы. 17.00 7 передача. 17.30 Бұл менің өмірім. 18.00 Қазақстан байтақ өлке. 18.30 Жүрек тынысы. 19.00 Қылмыстық іс №. 19.30 Baby Гид. 20.00 РТН Подробности. 20.50 Красота – Light. 21.20 Маленькие путешествия по большому краю. 21.40 Герои рядом. 22.00 Ә.Бейсеуовке арналған кеш. 0.00 Панорама недели.

ЕВРАЗИЯ

6.00 Т.х. "Вероника Марс". 7.25 Жаңалықтар. 8.15 Той заказ. 8.50 Ұшқалақ. 9.00 М.с. 9.30 Х.ф. "Третья попытка". 11.40 Фабрика грез. 12.00 Ayel siri... 13.00 Ду қол шоколад. 14.00 П@ytina+. 15.00 Лучше всех! 16.30 Т.с. "Сколько стоит счастье". 21.00 Басты бағдарлама. 21.45 Кешкі кездесу. 23.00 Ән дария. 0.00 Х.ф. "Пингвин нашего времени". 1.45 Что? Где? Когда?

КТК

7.05 К.ф. "Миллионға бәс тігу". 8.45 Мәссағанкz. 9.20 Новости. 9.50 Х.ф. "Танцы марионеток". 14.00 Свадьба вслепую. 15.40 Концерт. 16.40 Х.ф. "Танец под дождем". 19.15 К.ф. "Жанұя". 21.00 Х.ф. "На краю любви". 1.10 Иная реальность. 1.50 Министерство правды.

24 маусым, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Ұмытылмас әндер. 7.30 "Айналайын". 8.35 Ақсауыт. 9.00 Таңшолпан. 11.30 Дара жол. 12.45 Футбол. ӘЧ шолуы. 13.05 Д.ф. "Жаныңда жүр жақсы адам". 13.35 К.ф. "Сүю деген осы". 15.15 "Әке серті". 17.05 Құрманбек пен Ризаның ән кеші. 18.35 1-студия. 19.35 Апта. 20.50 ӘЧ. Жапония - Сенегал. 23.00 Айтыс. 23.35 Футбол. ӘЧ. 23.50 ӘЧ. Польша – Колумбия. 2.00 1-студия.

ХАБАР

7.00 Қалжын қоржыны. 8.30 Әсем әуен. 9.20 Самопознание. 9.30 М.с. 11.10 Кто возьмет миллион? 12.30 Хабарлайын. 13.00 "Ақылдың кілті. Өмірдастан". 14.30 Тайны. Судьбы. Имена. 15.20 Х.ф. "Люди в черном 3". 17.00 Концерт. 18.20 Қызық times. 19.30 Жұлдызды жекпе-жек 2. 21.00 7 күн. 22.00 Х.ф. "Вторая жизнь Уве". 23.50 "Ақылдың кілті. Өмірдастан".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Асқақ әнім, Астана! 8.30 М.ф. 9.00 К.ф. "Аманат". 11.30 Алтын қор. 12.00 Көңілашар. 13.00 Күншуақ. 13.20 Рухани жаңғыру. 13.40 М.с. 14.00 Х.ф. "Девушка-джигит". 15.35 Н.Әлімжанов. 17.00 "Бауыржан Момышұлы". 18.00 Ел мүддесі. 19.00 Әуендер әлемі. 19.30 Портрет. 20.00 Ақ орамал. 21.00 Apta aqparat. 21.30 1001 мамандық. 22.00 Сазды сәлем. 22.25 К.ф. "Тибеттегі жеті жыл".

АСТАНА

6.00 Концерт. 7.00 Kaznet. 7.30 М.ф. 9.30 Tengeland. 10.00 "Жетер!". 11.00 "Зехра". 12.40 М.ф. "Упс... Ной уплыл!". 14.30 Х.ф. "Везучий Ганс".15.50 К.ф. "Бір сен үшін...". 18.50 "Зехра". 20.00 Избранное за неделю. 21.00 "Жетер!". 22.00 Ел аузында. 22.40 К.ф. "Көкжалдар". 0.40 "Жара".

НТК

7.05 К.ф. "Жолдағы екеу". 8.40 Жұлдыздар шеруі. 9.30 М.ф. 10.50 М.ф. "Утиные истории: Заветная лампа". 12.10 Х.ф. "Пираты Карибского моря: На странных берегах". 15.00 М.х. 15.30 Байқа, балақай! 16.20 Жұлдыздар шеруі. 17.00 Тематик-шоу. 17.50 "Жануарлар". 20.20 Екі езу. 21.00 Х.ф. "Умри, но не сейчас". 23.50 Х.ф. "Черные метки". 1.20 Т.с. "Бородач".

7 АРНА

6.00 Қыздар арасында. 7.00 Куырдак. 8.00 Концерт С.Майгазиева. 9.00 М.ф. 10.40 Т.с. "Один единственный и навсегда". 14.50 Япырай. 15.30 "Жаңа келін". 17.30 Концерт. 20.00 Q-елі. 21.00 Х.ф. "Шальная карта". 22.50 Х.ф. "Обитель зла 3". 0.40 Х.ф. "Последний рейд".

31 АРНА

6.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 7.00 Ризамын. 8.00 What`s Up? 9.00 М.с. 10.00 Мама-шоу. 11.00 Фартовые деньги. 11.40 "Хоббит: Нежданное путешествие". 15.20 Марафон "Келіндер бәйгесі". 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 Марафон "Келіндер бәйгесі". 20.40 М.ф. "Планета сокровищ". 22.30 Х.ф. "Все или ничего". 1.00 К.ф. "До+Фа".

АЛАУ

7.00 А.Исағұлованың ән кеші. 9.00 Панорама недели. 10.20 Baby Гид. 10.50 В ладу с природой. 11.10 Почемучки. 11.20 Герои рядом. 12.00 ПроАгро. 12.30 РТН Подробности. 13.20 Красота – Light. 14.00 З.Көпбосынұлының ән кеші. 16.30 Жүрек тынысы. 17.00 Время Шелкового пути. 17.30 Неизведанный Казахстан. 19.00 Бұл менің өмірім. 19.30 Рухани жаңарту. 20.00 Маленькие путешествия по большому краю. 20.30 7 передача. 21.00 Қазақстан байтақ өлке. 21.30 Өмір тынысы. 22.00 Ө.Алтаевтың концерті. 23.40 Герои рядом. 0.00 Музыка настроения.

ЕВРАЗИЯ

6.00 "Вероника Марс". 7.25 Басты бағдарлама. 8.15 Той заказ. 8.45 Воскресные беседы. 9.00 Т.с. "Провинциальная Мадонна". 12.45 Ayel siri... 13.45 Ән дария. 14.45 П@ytina+. 15.45 Т.с. "Шрам". 20.00 Аналитика. 20.55 П@ytina+. 21.50 Тамаша city. 22.50 Ду қол шоколад. 0.00 Три аккорда. 2.15 Теория заговора.

КТК

7.05 Ән шашу. 9.20 Кривое зеркало. 10.40 Х.ф. "На краю любви". 15.00 Алдараспан. 16.35 Т.Төреәлінің концерті. 18.35 К.ф. "Арман". 20.00 Аптап. 21.00 Портрет недели. 22.10 Слуги народа. 22.50 Х.ф. "Женщина в беде 3".

18 миллионнан астық

2018 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша, Қазақстанда халық саны 18 млн 232 адамды құрады. Бұл 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 238,5 мың адамға немесе 1,3 процентке көп деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі ҚР ҰЭМ Статистика комитетіне сілтеме жасап.

Атап айтқанда, оның ішінде қала тұрғындарының саны 10 млн 492,2 мың адамды немесе жалпы халықтың 57,5 процентін құраса, ауылдық жерде тұратын адамдар саны 7 млн 739,8 мың адамға жетті. Бұл ел халқының 42,5 проценті.

Биыл қаңтар-сәуір аралығында республикада 1 жасқа дейінгі 1095 сәби шетінеген (былтыр – 1054). Бұл былтырғыдан 3,9 процентке көп. 2018 жылдың төрт айында сәбилердің шетінеуі жаңа туған 1000 нәрестеге (8,68) шаққанда 8,81 жағдайды құрап отыр.

2018 жылдың қаңтар-сәуірінде 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда Қазақстанға келушілер саны 25,1 процентке азайып, Қазақстаннан кеткен адамдар саны 20,8 процентке артқан. Негізгі миграциялық алмасу ТМД елдерімен болып отыр. ТМД елдеріне келгендер мен кеткендердің саны сәйкесінше 77,3 және 88,8 процентті құрайды.

Ел ішінде көшіп-қонушылар саны 24,9 процентке азайды. Өңіраралық көшіп-қонудың оң сальдосы елдің төрт өңіріне – Алматы (12 013 адам) және Астана (3699 адам), Маңғыстау (48 адам) және Ақмола (39 адам) облыстарына тиесілі.

Балаларға – базарлық

Рудный қалалық "Нұр" мешіті және әйел-қыздар секторы "Балаларға – базарлық" шарасын ұйымдастырды.

Осынау игі шара барысында аталған мешіт қызметкерлері мен шәкірттері қаладағы балалар үйіне барып, ондағы тәрбиеленушілермен тағылымды кездесу ұйымдастырды әрі оларға сыйлықтар таратты. Қасиетті Рамазан айындағы бұл кездесу бүлдіршіндерге ерекше қуаныш сыйлады.

Жалпы, жетімнің басын сипау, оларға қамқорлық жасау – адамгершіліктің жарқын көрінісі. Мешіт қызметкерлері алдағы уақытта да осындай жүздесулерді ұйымдастырады.

Қылмыстық топ құрықталды

Қостанайда көлік ұрлаумен айналысатын қылмыстық топ ұсталды. Бұл туралы бүгін халықпен есептік кездесу өткізген ҚР Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

"Соңғы 5 жылдың ішінде автомобильді айдап кету – 40 пайызға, ұрлау 27 процентке азайды. Қылмыстарды ашу көрсеткіші жақсарып келеді. Бұрын көлік ұрлау қылмыстарының 31 проценті ғана ашылатын болса, қазір 55 процентке жетіп отыр", – деді ол.

Министрдің айтуынша, қымбат көліктерді ұрлап, Қазақстанда сату қиын. Сондықтан, елімізде ұрланған көліктер көрші елдерге шығарылады.

"Жақында Қостанайда 12 адамнан тұратын топты ұстадық. Оның ішінде біздің қызметкерлер, Ресей азаматтары бар. Олар 60 көлік ұрлаған. Мұндай қылмыспен күресу үшін Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстанмен арнайы келісімге қойып, бар күшімізді салып жатырмыз", – деді Қасымов.

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің
ҚАУЛЫСЫ
Арқалық қаласы 2018 жыл 15 мамыр № 166

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексі 18-бабының 2) тармақшасына, 139-бабының 9-тармағына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

